орны ерекше екендігін түсіндіру, шығармашылыққа баулу. Ұйымдастырушы: тәлімгер Аяпова Ақнұр. Қазақтың көрнекті ақыны Сырбай Мәуленовтің туғанына 100 жыл толуына орай, мектеп кітапханасында ақын шығармашылығына арналған көрме ұйымдастырылды. Онда ақын шығармаларын дәріптеу мақсатында слайд-шоу жасалды. Ұйымдастырушы: мектеп кітапханашысы М.А.Жұмабаева 27.09.2022 "Оқу құштар" жобасы аясында 4"А" сыныптардың оқушылары "Самұрық" ертегесін оқып, мазмұндап, талдау жасады. Ұйымдастырушылар: мектеп кітапханашысы Жұмабаева М.А. Сынып жетекшісі: Шағырова В.Б 16.11 күні «Саналы отбасы» жобасы аясында 7-8класс әкелерінің арасында «Отбасындағы әкелердің беделін қалай арттыруға болады?» тақырыбында коучинг өтті. Мақсаты: отбасындағы әкенің орнын түсініп, беделін арттыруға үлес қосу. Коучинг барысында әкелерге «Неге әкелеріміздің беделі төмендеді» деген тақырыпта видеоролик көрсетіліп, топтық жекелей жұмыстар жүргізілді. Коучинг соңында әкелер мен бірге ән шырқалды. Коучинг жоғары дәрежеде өтті. Ұйымдастырушылар: Берікқызы А., Жарылғас А. 18.11.2022ж. Оқушылардың өз әкелерімен, отбасы құндылықтарын дәріптеу мақсатында түсірілген 7 ә сынып оқушысы Кабылғалимов Айдын және 8 "а" сынып оқушысы Мәліков Әлинұрдың "Әкеммен өткізген бір күн" тақырыбында түсірілген видеоролик түсіріп әлеуметтік желіге жариялады. Жетекшісі: Жақсылық Г.Е және Кайнадин Б.К. 18 қараша күні «Мектептегі бір күн» тақырыбында 7-8 класс оқушыларының әкелеріне арнап ашық есік күні ұйымдастырылды. Мақсаты: отбасының тәрбиелік әлеуетін мектептегі білім алушылардың ата-аналарымен қарым-қатынасын үлестіру және отбасының тәрбиесін жақсарту. Ашық есік күні аясында мектеп психологы Кусебай Қызғалдақ «Амандасу, сұхбат, нысана» тренингін жүргізді. Үзіліс уақытында әкелер мен оқушыларды бірлескен түрде топтық ойын ұйымдастырылды. Сонымен қатар ашық есік күніне келген ата-аналармен мектепке саяхат ұйымдастырылды. Ата-аналар оқушылардың сабақарына қатысты. Ашық есік күні «Өрмекші торы» атты рефлексия бөлімімен қорытыланды. 2023 жылдың 20 мамырда Қалалық жас туристер стансынан Сагидулла Мариам, Салимгореева Айым, Қуандыкова Тахмина, Дулатова Фариза, Еркибаев Данияр, Қаспай Ертуған, Сагидулла Малика, Қожағали Нұрлыбек, Жанабаева Назерке, Кабылғалимов Айдын, Дулатова Фатима, Дулатова Биназер, Аманжолов Алпамыс, Дулатова Еркеназ, Вали Олжас, Сағындықова Кәусар, Кенжигалиева Аружан, Тулеубаев Нурсаят, Амандықұлы Ерасыл дипломмен марапатталды. Ал мектептің төмендегі Таутурмашев Мирғали Сагидуллаевич, Тулеубаев Туите Қуанышбекович, Аяпбергенов Бауыржан Дулатұлы, Бегалиев Нурнияз Қожағалиевич, Кабылғалимов Агоран Болатович, Аяпбергенов Ғазиз Дулатұлы, Демесинов Қуандық Бөрибаевич, Нурмухамбетов Азамат Каспаевич, Альбеков Асхат Салимгореевич, Ашықбай Еділ Нұртайұлы, Еркибаев Арслан Сактаганович, Ержанов Серик Валиевич, Аманжолов Алтай Аманжолович, Жолмуратов Сериккали Кенжигалиевич, Нахметов Кентай Сағындықұлы 15 ата-ана алғыс хатпен марапатталды.

**Шешім:** Жалпы классішілік ата-аналар жиналыстары жоспар бойынша өтілгенімен ата-аналардың қатысымы, жиналыстың өту барысы бойынша түрлі деңгейде болды. Жаңа оқу жылында ата-аналарымен әлі де жұмысты жүйеге салып, қатысымды қажетті деңгейге талап ескертілсін.

**Ұсыныс:** Класс жетекшілер ата-аналарымен және балалармен тәрбие жұмыстарын жоспарлаған кезде ата-аналардың әлеуметтік статусын, жағдайын, білімін әлі де болса толық ескере отырып, отбасы мен мектептің ынтымақтастығын нығайту, білім беру мекемелерінің ата-аналар қоғамдастығымен жұмысының түрлерін, әдістері мен мазмұнын өзгертуді ұсынамын.

**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;**

2022 жылғы оқу жылында 14 оқушы 11-ші класс курсы түлек ретінде толық аяқтады. Мектеп бітірушілерге Тағабергенов Бақыт жетекшілік етті. Мектеп бітіруші түлектерге мемлекеттік емтиханнан кейін мектеп бітіргендігі жөніндегі мемлекеттік аттестат

табысталды. 9 кластың негізгі білім курсын 33 оқушы аяқтап барлығы тиісті аттестатын алды. 9 класс бітірген 33 оқушының 11-і түрлі колледждердің студенттері атанды және арнаулы оқу орнында оқып жатыр, аталған кластың қалған 19 оқушысы 10 сыныпта білімдерін мектепте жалғастыруда, 3 оқушы қаланың басқа мектеріне ауысты. Сынып жетекшілері Ақжарбай Мирхан және Ершекенова Назгүл. 11 класты аяқтаған түлектердің барлығы түрлі оқу орындарына оқуға түсті. Оқымай үйде отырған түлектер жоқ. 5 түлегіміз жоғарғы оқу орыны грантының иегерлері, олар (Адилжан Наркиз, Әбдібеков Әсет, Сәмен Айнұр, Батырбекова Ардақ, Зиноллина Жұлдызай) республикалық грант/және арнаулы оқу орындарына (Нұрай Бекет, Жолболды Айгерім (облыстық грант). 2021-2022 оқу жылы бойынша 9-11 сынып оқушыларының еңбекке орналасуы туралы мәліметтер жинақталды. 9-11 класстар кәсіптік бұрыш және кәсіптік бағдар беру бойынша бұрыш және арнайы чад ашылды. Күз айларында мектеп ауласын сенбіліктер ұйымдастырылды. 24.09. күні “Ізгілік нұры” еріктілер клубы Экологиялық акция аясында мектеп ауласында тазалық жұмыстарын жүргізді және «Таза қалам-Ақтөбем» екі айлық сенбілік аясында жалпықалалық сенбілікке шықты. 30.09.2022ж. "Ізгілік нұры" еріктілер клубы «Қарттарға құрмет бізден басталады» атты қайырымдылық акциясы бойынша: қарттарға қолдау шараларын ұйымдастырды. Ұй шаруасына көмектесіп, тазалық жұмыстарын жүргізді. «Ізгілік нұры» еріктілер мектеп клубының құрамына 8-9 сыныптар арасынан 20 оқушы қабылданды. “Ізгілік нұры” еріктілер клубының “Экологиялық акция” ұйымдастыру жұмыстары негізінде 2022 жылдың 24-ші қыркүйек күні сенбілік өткізілді. 2022 жылдың 1-ші қазан күні “Қарттарға құрмет бізден басталады” атты қайырымдылық акция бойынша: жалғыз басты қарттарға әлеуметтік қолдау жұмыстары жүргізілді. Мектеп жанындағы “Аманат 6” мекен жайында тұратын қарттарға көмек ретінде, ауласында тазалық жұмыстары жүргізілді. 2022 жылдың 20-шы қазан күні “Ізгілік нұры” еріктілер клубы “Таза бейсенбі” сенбілігін ұйымдастырды. 6-9 сынып оқушылары сенбілікке шығып мектеп ауласында тазалық жұмыстарын жүргізді. 2022 жылдың 21-ші желтоқсан күні “Ізгілік нұры” еріктілер клубы “Біздің балалар керемет” тақырыбы бойынша әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға көмектесу жұмыстары бойынша “Қайырымдылық акция” жәрмеңкесін өткізді. Жиналған қаражатты жаңа жылдық сыйлық алу мақсатында әлеуметтік педагогке беріп, жаңа жылдық сыйлықтар жасалынды. 2023 жылдың 31-ші қаңтар күні “Ізгілік нұры” еріктілер клубы «Күшіміз бірлікте» облыстық байқау аясында мектеп оқушылары мектеп жанында тұратын қарт кісілердің ауласын қардан тазартып қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Сәуір-Мамыр айларындағы сенбіліктер аясында мектеп ауласына 36 түп жеміс ағаштары отырғызылды. Тазалық айлықтар аясында мектеп мұғалімдері мен оқушылары 10 рет сенбіліктер өткізді.

### 9 класс бітіріп оқу орындарына түскендер туралы

| № | Аты, әкесінің аты | Оқу орны                          | Мамандығы                          |
|---|-------------------|-----------------------------------|------------------------------------|
| 1 | Аманжолов Жанарыс | Ақтөбе құрылыс монтаждау колледжі | Дене шынықтыру                     |
| 2 | Әділханова Гүлзат | Темір жол колледжі                | Байланысшы                         |
| 3 | Манарбек Гүлзат   | Болашақ колледжі                  | Тіс дәрігері                       |
| 4 | Әбуова Сымбат     | Пед колледж                       | Қазақ тілі, әдебиеті пәні мұғалімі |

|    |                          |                                |                |
|----|--------------------------|--------------------------------|----------------|
| 5  | Мурзамадинов<br>Қолғанат | Ақтөбе ауылшаруашылық колледжі | Электрик       |
| 6  | Сайлаубай Нұржігіт       | Ақтөбе ауылшаруашылық колледжі | Электрик       |
| 7  | Асылбеков Айбек          | Ақтөбе ауылшаруашылық колледжі | Электрик       |
| 8  | Тлеуова Ақбота           | Ақтөбе ауылшаруашылық колледжі | Аспазшы        |
| 9  | Жарас Диас               | Авто жол колледжі              | монтажник      |
| 10 | Зинел Еркуат             | Копператив колледжі            | Дене шынықтыру |
| 11 | Қазыбай Еркеназ          | Нұр колледжі                   | Медбике        |

### 11 класс түлектерінің оқуға түсуі туралы

| №  | Аты, әкесінің аты       | Оқу орны                                                                 | Мамандығы                                                   |
|----|-------------------------|--------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|
| 1  | Адилжан Наргиз          | АТУ Алматинский<br>технологический университет                           | Өндірістік және өндеу<br>салалары Мемлекеттік оқу<br>гранты |
| 2  | Әбдібеков Асет          | Атырауский университет<br>нефти и газа                                   | Геология и разведка<br>месторождений нефти и газа           |
| 3  | Батырбекова Ардак       | Құдайберген Жұбанов<br>атындағы Ақтөбе өңірлік<br>университеті           | Инженер технолог                                            |
| 4  | Жолболды Айгерім        | Мәншүк Маметова атындағы<br>жоғары медициналық колледжі                  | Стоматолог дантист                                          |
| 5  | Зинолина<br>Жұлдызай    | Түркістан Қожа Ахмет Яссауи                                              | Гуманитар мұғалімі                                          |
| 6  | Ерболат Ақбота          | Құдайберген Жұбанов<br>атындағы Ақтөбе өңірлік<br>университеті Филология | Аудармашы мамандығы                                         |
| 7  | Исаева Бейбіт           | Нұр-Мұбарак университеті                                                 | Аударма ісі                                                 |
| 8  | Мирамбек<br>Жанбулов    | КРМУ                                                                     | Менеджмент                                                  |
| 9  | Русланқызы<br>Мейрамгүл | Құдайберген Жұбанов<br>атындағы Ақтөбе өңірлік<br>университеті           | ІТ медицина                                                 |
| 10 | Нұрай Бекет             | Ақтөбе М.Маметова атындағы<br>жоғары колледжі                            | Фармация (Фармацевт)                                        |
| 11 | Тулеубаева Нурзия       | КРМУ                                                                     | бастауыш пәні мұғалімі                                      |
| 12 | Самен Айнұр             | Алматы қаласы<br>Әл Фараби атындағы қазақ<br>ұлттық университеті         | Химия факультеті<br>Фармацевтикалық өндіріс<br>технологиясы |

|    |                        |                                                                |                                             |
|----|------------------------|----------------------------------------------------------------|---------------------------------------------|
| 13 | Орынбасарова<br>Аружан | Құдайберген Жұбанов<br>атындағы Ақтөбе өңірлік<br>университеті | Филология факультеті<br>Аудармашы мамандығы |
| 14 | Салимгореева<br>Азиза  | Құдайберген Жұбанов<br>атындағы Ақтөбе өңірлік<br>университеті | Спортфакультеті<br>Дене шынықтыру           |

**ШЕШІМ:** Мектеп оқушыларын мектептің, қоғамның мүлкіне экономикалық көзқарасын қалыптастыру, қоршаған орта мектепті жасыл-желекпен қамту, еңбек етуге тәрбиелеу жұмысы жолға қойылған деп есептелінсін.

**ҰСЫНЫС:** Мектеп бітіруші түлектерге кәсіптік бағдар беру жұмысы жандандырылып, алдағы уақытта оқушыларға мамандық таңдауда қажет кәсіп иелерімен арнайы кездесулер ұйымдастырылсын. Мектепте экологиялық апталықтар өткізу.

**Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;**

28 қазан “Күз кереметтері” күзгі көрмесіне оқушылар күз көрінісіне сай көкөніс пен жемістерден әр түрлі бұйымдар жасап, күздің кереметін көрсете білді. 01.11.2022ж «Менің демалыстағы бір күнім» тақырыбында 10 сынып оқушылары Керуен City ойын сауық орталығына барып, кино көріп уақыттарын қызықты өткізді. Сынып жетекшісі: Ақжарбай М. 1”а” және 1”ә” сынып оқушылары “Күз кереметі” атты сурет байқауын өткізді. Ұйымдастырушы: сынып жетекшілері Амангулова Н.К, Жүсіпова Г.Н. 5»Б» сыныбы оқушылары облыстық тарихи-өлкетану мұражайына экскурсия жасады. Бағыты: көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беру. Оқушылар мұражай ішін аралап, жәдігерлермен танысты, өздерін қызықтыратын сұрақтарына жауаптар алды. Ұйымдастырған: сынып жетекшісі Кабылғалимов А.Б. 30 қараша күні «2022 жылы Балалар жылы» жобасы аясында мектепшілік Бейне пародия байқауы өткізілді. Байқауға 6-9 сынып оқушылары қатысты. Ұйымдастырушы М.Мейрман. 28 желтоқсан күні жалпы мектепшілік Жаңа жыл мерекесі кестеге сай ұйымдастырылып, өткізілді. «Қызғалдақ қыздар» ұйымына 2022-2023 оқу жылында 6-11 сынып оқушыларынан -60 қыз бала мүшелікке тіркелді. Жыл басында қыз балалар отырысы өткізілді. Отырыста қыз балалардың топ басшысы -9 сынып оқушысы-Симағанбетова Еркеназ тағайындалды. Қыз балалармен жұмыс барысында әр апта сайын қыздар арасында рейд жүргізіліп отырылды. Рейдті «Қызғалдақ қыздар» ұйымының жетекшілері және топ басшысы қадалап отырды. Рейдтік жұмыс нәтижесінде кездескен кемшіліктерді жетекшілер оқушыларға ескертпе ретінде айтып, кеткен кемшіліктерін түзетіп отырды. Сонымен қатар, рейд жүргізу барысында қыз балалардың тазалығын қадағалауда мектеп медбикесімен бірлескен түрде жұмыстар жүргізілді. Мектебіміздің 7,8 сынып қыз балалар арасында «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбында қыздармен кездесу өткізілді. Кездесу мақсаты: қыз бойындағы әдептілік, тазалық, көріктілік, инабаттылықты қалыптастыру, қыздарға ерте жүктіліктің салдары жайлы түсінік беру. Кездесуге «Қызғалдақ қыздар» ұйымының жетекшісі Берікқызы А., мектеп психологы Күсебай Қ.Р., мектеп медбикесінің Базарғалиева Н.У., қатысты. Кездесуде мектеп психологы Күсебай Қ.Р. «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбымен баяндама оқып, қыздарды әдептілік пен инабаттылыққа баулады. 1-мамыр Достық мерекесіне арналған «Бір шаңырақ астында» тақырыбында мерекелік шара өтті. Шарада 2- сынып оқушылары қатысып қазақ билерін биледі. 5-6 сынып оқушылары хор орындады. 5мамыр Жеңіс күні қарсаңында «Ер есімі –ел есінде» К.Нокин мәдениет үйінде №65 ЖББОМ ескерткішке гүл шоғын қою рәсімі өтті. Жеңіс күніне орай концерт ұйымдастырылды. Патриоттық әндер кешіне 4-6 сынып оқушылары қатысып, әр сыныптан шыққан талантты оқушылар көрерменге көтеріңкі көңіл сыйлады. Мектебімізде № 65 ЖББОМ мектеп бітіруші түлектеріне «Өмірге қанат қакты Жас түлектер» атты сыр-сұқбат кездесу кеші өткізілді. Мектебімізге 2018-2021 жылғы түлектер шақырылып, жас түлектерге өз білгендерін, ақыл кеңестерімен бөлісіп, тілектерін арнады. «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыбында балаларды қорғау күніне арналған концерттің ашылуы өткізілді. Балалар мерекесіне қолдау білдірген

демеушілердің атынан балмұздақтар таратылды. Жыл соңында оқушылар мектепшілік шаралардан басқа қалалық, облыстық республикалық байқауларға қатыстырылды. Республикалық:

| Оқушының аты- жөні | сыныбы | Байқаудың аты                                          | марапаты       | жетекшісі    |
|--------------------|--------|--------------------------------------------------------|----------------|--------------|
| Киікбай Карина     | 5а     | «Қызғалдақтар әлемі» республикалық фестиваль - байқауы | Жұлделі І орын | М.С.Бижанова |

**ШЕШІМ:** Мектепте көпмәдениетті көркем эстетиканың мәнән ашатын жұмыстар жүргізілді.

**ҰСЫНЫС:** Оқушыларды әдеміні құрметтеу сезімін қалыптастыратын, жақсыны құрметтеуге арналған жұмыстарды кеңірек жүргізу.

#### **Зияткерлік тәрбие;**

29.09.2022 жылы мектебімізде “Өзін - өзі басқару” ұйымының президентін және көшбасшыларын ұлықтау рәсімі салтанатты түрде өтті. Мектеп президенті болып 9 сынып оқушысы Бекзада Алдияр сайланды. “Балалар жылы” аясында ұстаздар мерекесіне орай 03.10.2022 жылы “Құрметтейік ұстазды” атты “Дублер күні” өткізілді. Дублер күнінің мақсаты: мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру. Дублер күнінің ерекшелігі: оқушылар тек сабақ өткізіп қана қоймай, сынып белсенділері мектеп әкімшілігінің ішкі жұмыстарына да араласып, өз шеберліктерін көрсете алды. Бірі директор болып басшылықты қолына алса, бірі тәрбие жұмысының меңгерушісі болып, бір сәт болсын өздерін білікті маман ретінде көрсете білді. «Жас Ұлан» ұйымына Ұлан басын сайлауы өткізіліп және 5 сынып оқушыларын «Жас ұлан» қатарына қабылдау өтті. 18-і күні 7-8 сынып оқушыларымен «Жеті атаңды білесіңбе?» атты танымдық сайыс өтті. Ұйымдастырушы: Бақтыбайқызы Г., Амидуллаева А., Байсұлтанова Ш. 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік ұлт рухының басауы» атты дөңгелек үстел және «Ерлік-аяулы қасиет» атты ерлік сабағы өтті. Ұйымдастырушылар Тағабиргенов Б, Қазманов Н, Амидуллаева А, Бағытбай А. 28 желтоқсан күні жалпы мектепшілік Жаңа жыл мерекесі кестеге сай ұйымдастырылып, өткізілді. 2022-2023 оқу жылында қаңтар-ақпан айларында өткізілген 9-10-11 кластар арасында жалпы білім беретін пәндері бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде мектебіміздің атынан барлығы 18 оқушы қатысып 8 оқушы жұлделі орынға ие болды. Олар: 11 класс оқушысы Көлдеева Аяулым биология пәнінен ІІІ орын, 10 класс оқушысы Жолымбетова Айнара биология пәнінен алғыс хат, 10 класс оқушысы Жолжанова Салтанат қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен ІІІ орын, 9 класс оқушысы Каракулова Айгерім биология пәнінен ІІІ орын, 9 класс оқушысы Бөкенбай Сұлтан Информатика пәнінен ІІ орын, облыстық кезеңге жолдама, 10 класс оқушысы Қожақұлова Әсем ағылшын тілі пәнінен ІІІ орын, 9 класс оқушысы Сайлаубай Нұртуған Қазақстан тарихы пәнінен ІІІ орын, 9 класс оқушысы Бисұлтан Ерасыл физика пәнінен алғыс хат иеленді. 8-9-10-11 класс оқушылары арасында өткен лингвистикалық олимпиадаға мектебіміздің атынан 4 оқушы қатысып, 10 класс оқушысы Қожақұлова Әсем жұлделі ІІІ орынға, 8 а классының оқушысы Жұмабай Айсәуле алғыс хатқа ие болды. 7-8 кластар арасында өткен жасөспірімдер олимпиадасына мектебіміздің атынан 9 оқушы қатысып 3 оқушы жұлделі орынға ие болды. Олар: 8 класс оқушысы Әнес Аружан физика пәні бойынша ІІ орын, 7 класс оқушысы Машырық Ақниет математика пәні бойынша ІІІ орын,

7 класс оқушысы Бисұлтан Арнұр биология пәні бойынша II орын иеленді. 5-6 кластар арасында өткен кіші олимпиадасынан мектебіміздің атынан 11 оқушы қатысып 5 оқушы жүлделі орынға ие болды. Олар: 6 класс оқушысы Барлық Қарақат орыс тілі пәнінен алғыс хат, 5 класс оқушысы Ыңғай Бекет жаратылыстану пәнінен алғыс хат, 5 класс оқушысы Жұмабек Ғұбайдолла математика пәнінен III орын, 6 класс оқушысы Бақытов Алихан математика пәнінен II орын, 5 класс оқушысы Төлеп Ақбота орыс тілі пәнінен III орын иеленді. Қазан айында 4 кластар арасында өткен «Кішкентай білгір» атты интеллектуалды сайысының қалалық кезеңінде мектебіміздің «Ұшқын-65» командасы жүлделі III орынға ие болды. Олар: 4 а класының оқушылары Сағындықова Кәусар мен Дулатова Еркеназ және 4 ә класының оқушылары Маратов Бейбарыс пен Кожакұлов Диас. Бастау олимпиадасына 1 команда қатысты. Республикалық «Зерде» ғылыми жобалар мен шығармашылық жұмыстар байқауының қалалық кезеңінде 4 класс оқушысы Дабыл Әлижан биология секциясы бойынша қатысып III орынға ие болды. Жетекшісі Шағырова Венера Бейбітқызы. Республикалық «Зерде» ғылыми жобалар мен шығармашылық жұмыстар байқауының қалалық кезеңінде 7 класс оқушысы Марал Лиана физика, космос секциясы бойынша қатысып III орынға ие болды. Жетекшісі Қоянбаева Асылгүл Жайтуғанқызы. Республикалық «Ақберен» шығармашылық байқауының қалалық кезеңінде «Ұлттық аспапта өнер көрсету» номинациясы бойынша 8 класс оқушысы Нұрпейісова Дина жүлделі II орынға ие болды. «Қыран елім, Қазақстаным» облыстық патриоттық мәнерлеп оқу байқауында 5 класс оқушысы Асылханов Шыңғыс жүлделі III орынға ие болды. Бала жылы аясында ұйымдастырылған қалалық «SMART» математика байқауында 6 класс оқушысы Қамбар Данияр алғыс хат, 5 класс оқушысы Зиоллин Бекарыс алғыс хат, 5 класс оқушысы Жұмабек Ғұбайдолла алғыс хат, 6 класс оқушысы Еркеғалиев Мансур алғыс хат, 6 класс оқушысы Бақытов Алихан II орын иеленді. Мұғалімдер оқушыларды олимпиадаларға, интеллектуалды конкурстарға, қашықтық олимпиадаларға, пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарға, пәндік апталықтарға, жоғары оқу орындарының олимпиадаларына, халықаралық конкурстарға қатыстыра отырып, шығармашылық әлеуеттің дамуымен айналысады

**ШЕШІМ:** Оқушыларды зияткерлікке, мәдениеттілікке тәрбиелеуде атқарған жұмыстар есепке алынсын.

**ҰСЫНЫС:** Аталған бағыттағы жұмыстарды жетілдіру жолдары қарастырылсын.

### **Дене тәрбиесі бағыты;**

2022 жылдың 16 қыркүйек күні Денсаулық күніне орай № 65 Жалпы білім беретін орта мектебінде «Денсаулық фестивалі-2022» өтті. Эстафеталық ойындар ұйымдастырылып, жарыс соңында жеңімпаз командалар марапатталды. Оқушыларды спорттық үйірмелерге тарту және ата-аналарды мектептегі қосымша спорттық үйірмелердің жұмыс жасауын құлақтар ету мақсатында спорттық үйірмелер туралы мәліметтер мектептің әлеуметтік парақшаларына орналастырылды. Күзгі каникул кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында 8,9-сыныптары арасында волейболдан жарыс өтті. Ұйымдастырушылар: Байсұлтанова Ш.Қ, Айдар Қ., Қайнадин Б. 2 «А», 2»Ә» сыныптар арасында «Шынықсаң шымыр боларсың» тақырыбында спорттық сайыс өткізілді. Сынып жетекшілері Усманова Ж. Көшерова Н. Дене шынықтыру пәні мұғалімі Ақжарбай М. «Ізгілік нұры» еріктілер клубы 2022 жылдың 20-шы қараша күні «Тәні саудың - жаны сау» тақырыбы бойынша спорттық сайыс өткізді. Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға, спортқа баулу шарасы аясында мектебіміздің еріктілер клубы мүшелері мен дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастырумен бастауыш сынып оқушылары арасында эстафеталық сайыс өткізілді. 2022 жылдың 18 қазан күні Республика күніне орай спорттық туризмтехникасы бойынша «Саяхат – 2022» облыстық жарысына мектеп оқушылары қатыстырылды нәтижесінде облыстық жарысқа белсене қатысқаны үшін мадақтамамен марапатталды. 2022 жылдың 22-25 қазан аралығында Республика күніне арналған спорттық бағдарлау қалалық ашық біріншілікке мектеп оқушылары

қатыстырылды нәтижесінде: «SPRINT» M12 I орын Еркебаев Данияр, M12 II орын Кабылғалимов Айдын, M14 III орын Бөкенбай Сұлтан, W14 III орын Қуандыкова Тахмина. «MIDDLE» M16 I орын Сайлаубаев Амандық, M12 I орын Еркебаев Данияр, W18 II орын Дулатова Фатима. «LONG» M16 I орын Сайлаубаев Амандық, M12 I орын Еркебаев Данияр, W12 I орын Салимгореева Айым, M16 III орын Қайырлы Айсұлтан, W14 III орын Қуандыкова Тахмина, W18 Дулатова Фатима дипломдар мен медальдармен марапатталды. 2022 жылдың 12 желтоқсанда дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен бірлесе отырып Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мерекесіне орай мектеп оқушылары арасында «Мен елімнің патриотымын» атты әскери-қолданбалы спорт сайысы өткізілді. 2023 жылдың 27-29 қаңтарда «Соқпақ-2023» спорттық туризм техникасы бойынша қалалық біріншілікке мектеп оқушылары қатыстырылып Дулатова Фатима, Дулатова Биназер, Салимгореева Айым, Тулеубаев Нұрсаят III орынды жеңіп алғаны үшін мадақтамамен марапатталды. 2023 жылдың 24 ақпан күні «Мерген ару – 2023» пневматикалық мылтықтан нысана көздеп ату жарысына мектеп оқушылары қатыстырылды. 2023 жылдың 03 наурыз күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «Туризм арулары - 2023» спорттық туризм техникасы бойынша қалалық жарысына қатысып үздік нәтиже көрсеткені үшін Дулатова Фатима, Дулатова Биназер, Қуандыкова Тахмина, Салимгореева Айым, Сағидулла Мариям III дәрежелі дипломмен және кубок медальдармен марапатталды. 2023 жылдың 24 наурызда Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесіне арналған спорттық құзға өрмелеуден облыстық жарысында I орын алған Салимгореева Айым марапатталды. 2023 жылдың 25-28 мамыр аралығында Қала күніне арналған спорттық бағдарлаудан 14 – 16 жас мектеп оқушылары арасындағы қалалық ашық біріншілікке қатысып медаль және мадақтамамен марапатталды. «SPRINT» қашықтығы бойынша W16 II орын Дулатова Фатима, W16 III орын Дулатова Биназер, W14 III орын Қуандыкова Тахмина, M16 II орын Сайлаубаев Амандық, «MIDDLE» қашықтығы бойынша M14 III орын Тулеубаев Нұрсаят, M16 II орын Бөкенбай Сұлтан, M14 II орын Бекет Нұржан, W16 II орын Дулатова Фатима, W16 III орын Дулатова Биназер, «LONG» қашықтығы бойынша M16 II орын Сайлаубаев Амандық, W16 III орын Дулатова Биназер, M14 III орын Тулеубаев Нұрсаят, M14 II орын Қаспай Ертуған. Қалалық білім бөлімінің жоспарына сәйкес 7-8 класс оқушылары арасындағы жарысқа қатысып, 10-микротоп оқушылары арасында 3-орынмен, жалпы қалалық мектеп арасында 30-орынмен шықты. Қалалық білім бөлімінің жоспарына 9-11 класс оқушылары арасындағы футбол жарысында 10-микротоп оқушылары арасында 1-орынмен, қала мектептері арасындағы жалпы есепте 10-орынмен шықты. Ақтөбе қаласы AIS мектебінің ұйымдастыруымен өткен үлкен футбол жарысына 6-7-8 класс оқушылары қатысты. Жеребе нәтижесімен 65 ЖББОМ С-группасына түсіп, группада №65 ЖББОМ, БІЛ, 38 ЖББОМ, 63 ЖББОМ арасында ойын өтті. Ойынның бірінші күні БІЛ -65 5\*1 есебімен БІЛ командасы басым түсті. Ойынның екінші күні 63-65 3\*3 есебімен ойын тең түсті. Ойынның үшінші күні 38-65 4-3 есебімен 65 ЖББОМ командасы жеңіске жетті. №63-65, №38-65 мектеп командалары арасындағы ойындарда командамыздың ойыншылары Балғазы Данияр мен Нұралыұлы Адайхан «Үздік ойыншы» атанды. AIS мектебіндегі өтетін 2023-2024 оқу жылындағы футбол жарысына №65 ЖББОМ командасы жолдама алып, Алғыс хатпен марапатталды. Қалалық білім бөлімінің жоспарына 5-6 класс оқушылары арасындағы футбол жарысында 10-микротоп оқушылары арасында 1-орынмен, қала мектептері арасындағы жалпы есепте 10-орынмен шықты. 2023 жылдың 20 мамырда өткізілген Қоғам қайраткері К.Нокиннің құрметіне арналған білім беру қызметкерлері арасында ұйымдастырылған кіші-футболдан облыстық турнирі ұйымдастырылды. Турнирдің жүлде қоры 150 000 теңге. Жарысқа облыстан 9 команда қатысты. №65 ЖББОМ-і мұғалімдері жүлделі 2 орын жеңіп алды.

**ШЕШІМ:** Мектептегі дене тәрбиесі және салауатты өмір салты бойынша жүргізілген тәрбие жұмыстары дұрыс жолға қойылған және онлайн форматта ауырлығы сезілді.

**Ұсыныс:** Ұлттық спорт түрлерін дамыту әлі де жетілдірілсін.

### Құқық тәрбиесі бойынша жүргізілген жұмыстарының қорытындысы

Бүгінгі таңдағы жасөспірімдер қылмысы қоғамдық дерт болып отыр. 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысының құқық бағыты бойынша алға қоятын ең басты мақсат: оқушыларға құқықтық білім насихаттау, өз құқықтарын терең ұғынуға тәрбиелеу, жаман әдеттерден аулақ болу, қылмыспен құқық бұзушылықтың алдын алу және қазіргі таңда жастар арасында болатын келеңсіз жағдайлармен таныстыру. Мектепте құқықтың жұмысының моделі құрылды. Құқықтық жұмысының негізгі бағыттары – құқықтық жалпыға бірдей білім беру жұмысын жүргізу, құқық кеңесінің жұмыстарын ұйымдастыру, «Қиын» оқушылармен, ҚІБ-ң инспекторымен жұмыс жасау, өзін-өзі басқару ұйымын құру, қалалық семинарға қатысуы.

2022-2023 оқу жылында құқық бұзушылықтың алдын алу, құқықтық тәртіпті нығайту мақсатында оқу жылының басында қиын оқушылармен жұмыстың жоспары ҚІБ-мен бірлесе бекітілді. Мектеп инспекторы оқушылармен тығыз байланыс орнатып, оларға келеңсіз оқиғалар, суық қару, жасөспірімдер арасында қылмысты болдырмау, кешкі мезгілдерде көшеде жүрмеу, кешкі рейд жасалып отырды, ұялы телефонның жоғалуы кезіндегі негізгі мәліметтер тақырыптарында лекция оқып, түсініктеме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, діни бағыттар тақырыбында бейнетаспалар көрсетілді.

### Мектепшілік тіркеуде тұрған оқушылар:

| № | Оқушылардың аты-жөні | Туған жылы   | Класс     | Есепке қою себебі Мерзімі                              | Жануя жағдайы | Қандай жұмыстар жүргізіледі                                                                                           | Бос уақытының ұйымдастырылуы                                | Мекен-жайы             |
|---|----------------------|--------------|-----------|--------------------------------------------------------|---------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|------------------------|
| 1 | Бекжанов Мадияр      | 25.10.2008ж. | 8«а» клас | Ұсақ құқықбұзушылық (Ұрлық жасағаны үшін) 16.10.2020ж. | Толық отбасы  | Оқушыға психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізіп, үнемі бақыланып қоғамдық жұмыстарға араластырылып отырылады. | Бокс үйірмесінде 2019 жылдан бастап қатысады.               | К.Нокин.ул Аманат 26   |
| 2 | Алпысбаев Бейбарыс   | 28.11.2008ж. | 8«ә» клас | Ұсақ құқықбұзушылық (Ұрлық жасағаны үшін) 16.10.2020ж. | Толық отбасы  | Оқушыға психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізіп, үнемі бақыланып қоғамдық жұмыстарға араластырылып отырылады. | Футбол үйірмесі-2019 жылдан бастап, шахмат үйірмесі-2021 ж. | К.Нокин.ул Аманат 35   |
| 3 | Жақсылық Мейірбек    | 06.08.2021ж. | 5«б» клас | Ұсақ құқықбұзушылық (сыныпта сына қол көтергені үшін)  | Толық отбасы  | Үнемі бақыланып қоғамдық жұмыстарға араластырылып отырылады. Сынып жетекшісімен байланыста                            | Күрес, шахмат, қылқалам үйірмесі                            | К.Нокин.ул Кеменгер 47 |

|  |  |  |  |                 |  |         |  |  |
|--|--|--|--|-----------------|--|---------|--|--|
|  |  |  |  | 02.03.202<br>2ж |  | болады. |  |  |
|--|--|--|--|-----------------|--|---------|--|--|

Осы оқу жылының басында мектепшілік есепте тұрған 3 оқушы. Тәуекел тобында есепте тұрған оқушы жоқ. Оқушылармен жүргізілетін жеке тәрбие жұмыс жоспары құрылып, қиын оқушыларға арналған күнделіктер жүргізілді. Класс жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болып, оқушылардың сабаққа қатысымын, үлгерімін үнемі қадағалап тұрды. Класс жетекшілердің оқушылармен жүйелі, нақты, жоспарлы жұмыс жүргізгендіктері көрінді. Жыл бойы есепте тұрған оқушылар мектепшілік үйірме, спорт секцияларға тартылды. Мектеп психологі оқушыларға психологиялық қызмет көрсету мақсатында жеке әңгімелер, сауалнамалар өткізді. Жұмыс барысында класс жетекшілер Заречный ПБ-нің инспекторымен тығыз байланыста болып, көптеген жеке жұмыстар, әңгімелер, сыр-сұхбаттар жүргізді. жүргізді. «Қиын» оқушылардың мәселелері құқық кеңесінде, класс жетекшілер жиналысында, әкімшілік жанындағы кеңесте үнемі қаралып отырды. Класс жетекшілер тоқсан сайын есеп беріп отырды. Мектептегі құқықтық жұмысының бір саласы оқушыларға құқықтық білім насихаттау. Оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мақсатында 1-11 класс аралығында оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру бағдарламасы орындалды. Жасөспірімдердің қылмыс бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жоспары ҚІБ-мен бірлесе бекітілген. Сонымен қатар, мектеп инспекторы оқушыларға қылмыс бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Жасөспірім арасындағы құқық бұзушылықты алдын-алу», «Оқушылардың бақылаусыздығы», «Қылмысқа бейім оқушылар» тақырыбында баяндама, пікірталас онлайн форматта өткізілді. Мектеп инспекторы Б.Үкібайдың ұйымдастыруымен 8-11 класс оқушыларының арасында «Бала құқықтары» туралы конвенция және «Қазақстан - 2050» стратегияның бағыттарымен таныстыру», «Жасөспірім және қоршаған орта» мектепшілік тіркеуде тұрған және «Тәуекел» тобындағы оқушылармен әңгіме-пікірталас және «Балалар құқығын және қызығушылығын қорғау» атты тақырыпта түсіндіру жиналыстары, Конституция баптары және конвенциямен толығырақ таныстырылды. Сонымен қатар, «Қазіргі кезде жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғаларды болдырмау» атты дөңгелек үстел, түсіндірме жұмыстарын өткізіп, нәтижесінде көптеген оқушыларды толғандырып жүрген сұрақтар өз шешімін тапты. Қазан, қараша, желтоқсан, ақпан, наурыз айларында ҚББ-нің бұйрығымен күндізгі және кешкі уақыттарда әкімшілік, мұғалімдер, ата-аналар комитетінің тарапынан ҚІБ қызметкерлерімен байланыса отырып кафе-бар, саяжайлар мен компьютерный клубтар т.б. жерлерге рейдтер өткізіліп тұрды. Мектебімізге әр жұма күні мектеп инспекторы келіп, оқушылармен бірлесе жұмыс жүргізіп отырады. Мектеп жасөспірімдер инспекторымен тығыз байланыста болды. Оқу жылының басында біріктіре құрған жоспар бекітілді. 9-11 класс оқушыларына «Кәмелетке толмағандардың арасындағы өз-өзіне қол жұмсау», «Тәртіп және заң», «Қиын балалармен жұмыс ұйымдастыру» тақырыптарында әңгіме-пікірталастар өткізілді. Мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен «Ақтөбе қаласы ішкі саясат бөлімі» ММ-нің, Дін істері мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығының, теолог маманы Орынбай Мәди, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, №4 ҚІБ ЖПҚ ККТЖ УПИ қызметкері Б.Үкібайдың қатысуымен «Дін, терроризм мен экстремизм, құқықбұзушылық пен жауапкершілік» тақырыбында онлайн форматта 8-11 класс оқушыларымен дәріс сабағын өткізді. Бұл сабақ оқушының діни сауаттылығын арттырып, басқа ағымдарға түсіп кетпеудің алдын алу мақсатында бағытталды. Теолог маман Орынбай Мәдиге ашық сұрақтар қойылды. Дін жөнінде мағлұматты тек арнайы теолог мамандардан немесе мешіт имамдарынан алуға кеңес ұсынылды. АӘД пәні мұғалімі Б.Тағабиргеновтің ұйымдастыруымен «Терроризм актісінің қауіпі туындаған немесе терроризм актісі жасалған жағдайдағы әрекеттер» туралы мектеп оқушыларымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жыл басында құқық кеңесінің жұмысы ұйымдастырылды, бұйрық шығып, құқық кеңесінің құрамы бекітілді. Құқық кеңесінің құрамына мектеп директоры,

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологы кірістірілді. Жыл бойы қаралған сұрақтардың тақырыптары әр түрлі болды: оқушылардың тәртібі, сабақ үлгерімі, класс жетекшілердің қиын оқушылармен жүргізілген жұмыс есептері, дін жолына бет бұрмау, т.б. Құқық кеңесіне үнемі Заречный ПБ-ның инспекторы қатысып отырады. Құқық кеңесінің отырыстары жоспарлы, уақытылы өтіп, заңға сәйкес қаулылыр қабылданды. Осы оқу жылында класс жетекшілер оқушылардың тәртібіне баса назар аударып, ата-аналармен жүйелі, тығыз байланыс орнатты.

**ШЕШІМ:** Мектептегі қиын оқушылармен жүргізілген жұмыстарды қанағаттанарлық деңгейде. Себебі, биылғы оқу жылында Заречный ішкі істер бөліміне ешқандай оқушы тіркеуге алынған жоқ. Оның өзі жасалған жұмыстардың нәтижесі. «Ұлдар» клубын құру қажет жаңа оқу жылында.

**ҰСЫНЫС:** Мектеп психологы оқушылармен, қиын тәрбиеленетін оқушылармен түрлі деңгейде жұмыстар жүргізісін. Өз-өзіне қол жұмсау бағытын басты назарда ұстау, оқушыларға осы бағыт бойынша жұмыстар өткізілсін.

**Мектептегі балалар ұйымдары, үйірме жұмыс қорытындысы туралы.**

Қазіргі заманғы мектептер өсіп келе жатқан жеке тұлғаны қандай бағытта дамытатындығы, жеке тұлғаның әлеуметтік және шығармашылық мүмкіндіктерін ашуы еліміздің дамуы мен гүлденуіне қатысты. Қоғамда, отбасында және мектепте балаларға жағдай жасаудың маңызы зор. Ал, мектебіміздегі оқушы жеке тұлғасының дамуы негізгі мәселе ретінде төмендегідей қағидаларға негізделеді.

- Мектеп өмірін ізгілендіру мен демократияландыру арқылы оқушының жеке тұлғасын дамыту;

- Оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталған оқу-тәрбие үрдісінде жаңа технологияларды кеңінен қолдануды талап етеді;

- Сабақтан тыс тәрбие жұмысында жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай туғызатын оқушылардың іс-әрекетінің түрлерін таңдау және оны жүйеге келтіру.

Оқу жылы бойынша мектепте 19 үйірме және 8 спорт секциялары жұмыс жасады. Бұл үйірмелерге қатысатын жалпы оқушылар саны – 340. Мектеп оқушыларының 90 пайызы үйірмелерге тартылған. Мектептен тыс үйірмелерге мектеп бойынша 20 оқушы яғни, 6 пайызы қатысады. Мектеп бойынша үйірмеге жалпы 360 оқушы бойынша 90 пайызы тартылған. Оның ішінде мектептен тыс үйірмелер (бокс, грек-рим күресі, таэквон-до, би, футбол, домбыра, қол өнер, т.б.) Мектептен тыс үйірмелерге қатысқан оқушылардың да көптеген жетістіктері бар. Атап айтар болсақ, Салимгереева Азиза мен Құдайбергенов Сұлтан бокстан жүлделі 1,2 орын иегерлері. Киікбай Карина республикалық «Ақ көгершін» эстрадалық байқауынан т.б жарыстардан жүлделі орын иегері т.б. Оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарында жүргізілетін үйірмелердің барлығы ұйымдастырылды, үйірмелерге тоқталатын болсақ:

2022 жылдың қыркүйек айынан бастап футбол үйірмесінің жұмыс жоспары құрылып, үйірме кестесі сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндерімен бекітілді. Үйірмеге мектептен 40 бала тартылды. Қыркүйек-мамыр айларында үйірме оқушылары Қызылжар ОМ, №75 ЖББОМ, 48 ЖББОМ, Благодар ОМ-нің оқушыларымен жолдастық кездесу өткізді. Қалалық білім бөлімінің жоспарына сәйкес 7-8 класс оқушылары арасындағы жарысқа қатысып, 10-микротоп оқушылары арасында 3-орынмен, жалпы қалалық мектеп арасында 30-орынмен шықты. Қалалық білім бөлімінің жоспарына 9-11 класс оқушылары арасындағы футбол жарысында 10-микротоп оқушылары арасында 1-орынмен, қала мектептері арасындағы жалпы есепте 10-орынмен шықты. Ақтөбе қаласы АІС мектебінің ұйымдастыруымен өткен үлкен футбол жарысына 6-7-8 класс оқушылары қатысты. Жеребе нәтижесімен 65 ЖББОМ С-группасына түсіп, группада №65 ЖББОМ, БІЛ, 38 ЖББОМ, 63 ЖББОМ арасында ойын өтті. Ойынның бірінші күні БІЛ -65 5\*1 есебімен БІЛ командасы басым түсті. Ойынның екінші күні 63-65 3\*3 есебімен ойын тең түсті. Ойынның үшінші күні 38-65 4-3 есебімен 65 ЖББОМ командасы жеңіске жетті. №63-65, №38-65 мектеп командалары арасындағы ойындарда командалық ойыншылары

Балғазы Данияр мен Нұралыұлы Адайхан «Үздік ойыншы» атанды. AIS мектебіндегі өтетін 2023-2024 оқу жылындағы футбол жарысына №65 ЖББОМ командасы жолдама алып, Алғыс хатпен марапатталды. Қалалық білім бөлімінің жоспарына 5-6 класс оқушылары арасындағы футбол жарысында 10-микротоп оқушылары арасында 1-орынмен, қала мектептері арасындағы жалпы есепте 10-орынмен шықты. 2023 жылдың 20 мамырда өткізілген Қоғам қайраткері К.Нокиннің құрметіне арналған білім беру қызметкерлері арасында ұйымдастырылған облыстық турнирі өткізілді. Турнир нәтижесінде 2 орынға ие болды. Мектеп оқушылары арасында 7-10 сыныптар арасында мектепшілік жарыс ұйымдастырылды. Нәтижесінде 9 сынып -1 орын, 10 сынып- 2 орын, 8 сынып-3 орын иеленіп, 7 сынып Алғыс хатпен марапатталды. 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап шахмат әліппесі үйірмесінің жұмыс жоспары құрылып, үйірме кестесі сейсенбі, бейсенбі, жұма күндерімен бекітілді. Үйірмеге мектептен 10 бала тартылды. Тәуелсіздік күніне орай мектепшілік 3-6 сыныптар аралығында “Шахмат - ақыл-ой спорты”. Нәтижесінде: Есенгелді Жайдарман -1 орын, Тұрымбетов Қайсар-2 орын, Жетесова Орнай-3 орын иеленді. “Тоғыз айға 9 іс-шара тұжырымдамасы” аясында Шахмат ойнау челленджі өтті. 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап шахмат әліппесі үйірмесінің жұмыс жоспары құрылып, үйірме кестесі сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндерімен бекітілді. Үйірмеге мектептен 15 бала тартылды. Тәуелсіздік күніне орай “Тәуелсіздікке 31 жыл” мектепшілік баскетбол жарысы ұйымдастырылды. 2023 жылдың 03 наурыз күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «Алтын доп» тақырыбы бойынша мектепшілік жарысы ұйымдастырылды. 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап үстел теннисі әліппесі үйірмесінің жұмыс жоспары құрылып, үйірме кестесі бейсенбі, сенбі, жексенбі күндерімен бекітілді. Үйірмеге мектептен 12 бала тартылды. Республика күніне орай әкелер мен оқушылар арасында үстел теннисінен мектепшілік жарыс ұйымдастырылды. Нәтижесінде 1 орын- Кубегенов Н, 2 орын- Алибеков А, 3 орын- Кабылғалимов А.А. Ж.Кереев атындағы әскери патриоттық клубында 19 тәрбиеленуші бар. Жыл басында мектеп бұйрығы шығарылды. Оқу жылына арналған жоспар құрылды. 2022 жылдың 23 қыркүйекте өткен «Әскерге дейінгі жасөспірімдер арасындағы әскери қолданбалы спорт түрлері бойынша спартакиада» мектеп оқушылары қатыстырылды. 2022 жылдың 21 қазан күні Республика күні мерекесіне арналған «Мерген Сарбаз – 2022» пневматикалық мылтықтан нысанакөздеп ату жарысына мектеп оқушылары қатыстырылды. 2022 жылдың 8 желтоқсанда өткен «Жас ұлан» әскери қолданбалы спорт сайысына мектеп оқушылары қатыстырылды қатысқаны үшін мадақтамамен марапатталды. 2023 жылдың 24 ақпан күні «Мерген ару – 2023» пневматикалық мылтықтан нысана көздеп ату жарысына мектеп оқушылары қатыстырылды. 2023 жылдың 20 сәуірде Ұлы жеңіске 78 жыл және Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылғанына 31 жыл толуына байланысты, қала мектептерінің жоғары сынып оқушыларымен өткізілген Жас жауынгер 2023 әскери қолданбалы жарысында III орын алды грамотамен марапатталды. «Әскери спорттық туризм» үйірмесінде 15 тәрбиеленуші бар. Оқу жылына арналған жоспар құрылды. 2022 жылдың 18 қазан күні Республика күніне орай спорттық туризмтехникасы бойынша «Саяхат – 2022» облыстық жарысына мектеп оқушылары қатыстырылды нәтижесінде облыстық жарысқа белсене қатысқаны үшін мадақтамамен марапатталды. 2022 жылдың 22-25 қазан аралығында Республика күніне арналған спорттық бағдарлау қалалық ашық біріншілікке мектеп оқушылары қатыстырылды нәтижесінде: «SPRINT» M12 I орын Еркебаев Данияр, M12 II орын Кабылғалимов Айдын, M14 III орын Бөкенбай Сұлтан, W14 III орын Қуандыкова Тахмина. «MIDDLE» M16 I орын Сайлаубаев Амандық, M12 I орын Еркебаев Данияр, W18 II орын Дулатова Фатима. «LONG» M16 I орын Сайлаубаев Амандық, M12 I орын Еркебаев Данияр, W12 I орын Салимгореева Айым, M16 III орын Қайырлы Айсұлтан, W14 III орын Қуандыкова Тахмина, W18 Дулатова Фатима. 2022-2023 оқу жылының қыркүйек айынан бастап 5-9 сынып оқушылар арасында «Робототехника» үйірмесі жүргізіледі. Үйірмеге 30 оқушы қатысады аптаның сенбі және сәрсенбі күндері өтеді.

Оқушылар үйірме барысында LegoEV3 конструкторлары және Arduino құралдарымен жұмыс жасайды. Тағы басқа қосымша конструкторлармен жұмыс жасайды. Үйірме барысында оқушылар көптеген роботтар құрастырды мысалы «Сызық бойымен жүру», «Қысқыш робот», «Әткеншек робот» т.б. Ақтөбе шығармашылық техникалық орталығының ұйымдастырумен өткен облыстық «Үлкен жарыс» робототехника чемпионатына 6 сынып оқушысы Қожағали Нұрлыбек және 10 сынып оқушысы Махамбетов Нұрәділ өатысып «Сертификатпен» марапатталды. «Дарын» ғылыми жобасына «Қысқыш робот» тақырыбында 9 сынып оқушысы Бисұлтан Ерасыл қатысты. Сонымен қатар 9 сынып оқушылары 3Д принтермен жұмыс жасауды үйреніп көптеген пластикалық заттарды шығарды. 2022-2023 оқу жылының мамыр айында «Білім сапасын арттыруда интерактивті әдістерді қолданудың тиімділігі» атты облыстық семинарда 7-9 сынып оқушылармен «3Д принтермен жұмыс жасау жолдары» атты тақырыбында ашық сабақ өткіздім. Сонымен қатар 2022-2023 оқу жылының мамыр айында өткен «TechoFRIST-2023» балалар техникалық шығармашылық фестиваліне «Балалар ойын алаңын құру» атты жобаға 7 Ә сынып оқушысы Қаспай Ертуған және 9 сынып оқушысы Хайырлы Айсұлтан қатысып «Дипломмен» марапатталды. Қатысқан екі оқушы «Ақбөбек» лагеріне 25 пайыз жеңілдікпен Сертификат жеңіп алды. Сонымен қатар мектептен тыс сурет, би, ән, аспаптық жанр бойынша және түрлі спорттық (бокс, таэквондо, күрес, футбол) үйірмелеріне де оқушылар көптеп қатысады. Бұл оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануына көп көңіл бөлуінде. Оқушыларымыздың дені сау ұрпақ болып өсуіне, салауатты өмір салтын сақтануына баса назар аударуымыздың жемісі. 2022-2023 оқу жылының «Жас Ұлан ұйымы мүшелерін жан-жақты дамуыту, тәрбиелеуде жеке тұлғаны қалыптастыру» бағытында біршама жұмыстар атқарылды. 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмыстарға талдау арқылы оқу жылының міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралар іске асты: мектеп комитеті сайланды. Мектептің ұланбасы да сайланды. Мектебіміздің ұланбасы 9 класс оқушысы Айдынғалиева Жансая. Осы сайланған мүшелердің барлығы Ұйымның жұмысына өз үлестерін қосып бірнеше жұмыстар атқарды. Оқушылардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, комитет жоспарының бағыттары белгіленді, сынып старосталары сайланды. Төмендегі бағаттар бойынша бөлім басшылары сайланды. Ұйым тәрбие жұмыстары төмендегі бағыттарды қамтыды:

1. Зерде
2. Руханият
3. Отан
4. Салауат
5. Еңбек
6. Жеті жарғы
7. Экоәлем

Ұланбасының орынбасары:Рахым Жібек

Бөлімбасы:Дулатова Биназар

«Зерде» бағытының бөлімбасы:Исаева Хафиза

«Руханият» бағытының бөлімбасы:Нұрпейісова Дина

«Отан» бағытының бөлімбасы:Қуанбай Бекзат

«Жеті жарғы» бағытының бөлімбасы:Русланқызы Айым

«Салауат» бағытының бөлімбасы:Шопырова Айлина

«Экоәлем» бағытының бөлімбасы:Санғалиева Нұршат

«Еңбек» бағытының бөлімбасы:Қаспай Ертуған

2022 – 2023 оқу жылынан бастап «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына арналған «Ынтымақ. Бірлік. Жастық.» бағдарламасы бойынша, жеті бағытпен жұмыс атқарды. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына 57 оқушы, «Жас Қыран» ұйымына 48 оқушы қабылданды. Жыл басында 2022-2023 оқу жылында

мектепшілік Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық жоспары 7 бағыт бойынша құрылып, бекітілді.

Жалпы Ұйым жұмысында жүргізілетін басшылыққа алынатын жұмыстар:

- Мектепшілік ар-намыс кодексін, ережелердің орындалуын қадағалау;
- Қамқорлық пен қайырымдылық акцияларын жүргізу;
- Жас Қырандармен жұмыс жүргізу, тәрбие шараларға тарту;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- «Мектеп тынысы» газетін насихаттау, жарнамалау, тарату;
- Басқа да қоғамдық ұйымдармен байланыс орнату;
- Жиналыстар мен отырыстарды хаттау;
- Ұйым құжаттарына арналған папкалардың жай-күйін қадағалау;
- Ұйымның ары қарай жұмыс істеуіне мүмкіндіктер туғызу және белсенділігін арттыру.

«Отбасы күні» мерекесіне орай №65 жалпы білім беретін орта мектебінде 5-7 сынып арасында «Біздің тату жанұя» онлайн бейнеролик байқауы өтті. Мақсаты: бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру, қоғамда бауырмалдылық, қайырымдылық, достық қарым - қатынасты қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіру арқылы, үлкенді сыйлауға, сыпайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу. 24.09.2022ж «Ізгілік нұры»еріктілер клубы Экологиялық акция аясында мектеп ауласында тазалықжұмыстарын жүргізді. "Қарты бар ел - қазыналы ел" демекші, үлкенге құрмет көрсету, өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестері, тәлім-тәрбиесі бүгінгі ұрпаққа үлгі болатын қарияларымызды сыйлау, ізеттілік таныту - ата-бабаларымыздан келе жатқан салтымыз. Қарттарын қадірлеген қазақ халқы үшін де күнтізбедегі 1 қазан - Қарттар күні деп белгіленген. Осы орайда талай жасты тәрбиелеп, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге бола білген қарияларымызды аталмыш төл мерекесімен құттықтау мақсатында №65 ЖББОМ оқушыларымен ұстаздары ауыл қарттарына мерекелік концерт қойды. 30.09.2022ж. "Ізгілік нұры" еріктілер клубы «Қарттарға құрмет бізден басталады» атты қайырымдылық акциясы бойынша: қарттарға қолдау шараларын ұйымдастырды. Ұй шаруасына көмектесіп, тазалық жұмыстарын жүргізді.

Оқушының бойындағы астения деңгейін анықтауда жүргізілген әдістемеде 5 «а» сыныбында төменгі деңгейлі астениялы -2 оқушы. 5 «б» сыныбында төменгі деңгейлі астениялы -2 оқушы анықталды.

10 сынып оқушыларынан оқуға мотивациясын анықтау мақсатында «Н.Г.Лусканов» тесті алынды. Сауалнамаға 19 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесінде мектепке мотивациясы- төмен оқушылар анықталмады.

5 сынып оқушыларының жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау мақсатында Р.Гудман сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға 5 сыныптардан -58 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесінде жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушылар анықталмады.

Оқушылардың қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау мақсатында 8-11 сынып оқушыларынан Дасс сауалнамасы алынды. Сауалнамаға 8-11 сыныптарда -92 оқушы қатысты.

6-7 сынып оқушыларынан Зунге сауалнамасы алынды. Зунге сауалнамасына – 71 оқушы қатысты. Қорытынды бойынша суицидке бейім оқушы анықталмады. Мазасыздықтың орташа түрінде байқалған оқушылармен жеке сөйлесіп, кеңес берілді.

9 класс оқушыларының мамандыққа бейімділігін анықтау мақсатында Голланд әдістемесі алынды.

11 сынып оқушыларынан кәсіби мамандыққа бағыт-бағдар, бейімділігін анықтау мақсатында Е.Климов әдістемесі жүргізілді.

Жыл басында жаңадан келген мұғалімдердің ортаға бейімделуін зерттеу мақсатында «Мұғалімнің психологиялық ахуалы» сауалнама алынды. «Қабілет» жобасы бойынша 4-5 класс оқушылары арасындағы 10-11 жастағы оқушылардан дарындылық қабілеттерін анықтау мақсатында онлайн сауалнама алынып отырылды.

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Кәмелетке толмаған оқушылар арасында келеңсіз жайттарды анықтауға бағытталған» анонимді сауалнама алынды. Сауалнамаға 6-11 сыныптар қатыстырылды.

Оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында 8-11 сыныптар арасында Ч.Спилберг сауалнамасы алынды. Сауалнамаға 88 оқушы қатысты. Қорытынды бойынша суицидке бейім оқушы анықталмады.

4 сынып оқушыларынан орта буынға дайындығын анықтау мақсатында:

1. Өзін-өзі бағалауға арналған «Баспалдақ» әдістемесі.
2. Ұжымдағы қарым-қатынасты анықтауға арналған «Социометрия» әдістемесі
3. «Таным процестерін анықтауға арналған» жаттығулар
4. Ақыл – ой деңгейін анықтау тесті Э.Ф.Замбацявичение жүргізілді.

Өзін-өзі бағалауға арналған әдістемеді өзі-өзі бағалауы төмен оқушылар болмады.

«Социометрия» әдістемесі нәтижесінде, оқшауланған 4 «а» сыныбында 1 оқушы.

Таным деңгейін анықтауға арналған тапсырма қорытындысында:

4 «а» сыныбында таным процестері төменгі деңгейдегі – 3 оқушы анықталды.

4 «ә» сыныбында таным процестері төменгі деңгейдегі- 3 оқушы анықталды.

Ақыл – ой деңгейін анықтау тесті нәтижесінде:

4 «а» сыныбында ақыл-ой деңгейі төменгі деңгейдегі- 1 оқушы анықталды.

4 «ә» сыныбында ақыл-ой деңгейі төменгі деңгейдегі- 2 оқушы анықталды.

Сонымен қатар мектепшілік есепте тұрған және қамқоршылықтағы оқушылардан «Баспалдақ», «Темперамент типтерін анықтау», «Капустин» тәрбиелену деңгейін анықтауға арналған сауалнама алынып нәтижесі шығарылды.

**Консультативтік бағыт бойынша** мектепке бейімделу мәселесі бойынша 1 класс оқушыларының ата-аналарына және класс жетекшілерге оқушылардың бейімделуі бойынша кеңес берілді. Жылдық есеп бойынша ата-ана-2, мұғалім-5, оқушыға -17 жеке кеңес берілді. Сонымен бірге 8 сынып оқушыларына «Эмоционалды интеллект», «Жасерекшелік психологиясы» тақырыптарында топтық кеңестер берілді. 11 сынып оқушыларына «ҰБТ-ге психологиялық дайындық» тақырыбында топтық кеңестер берілді. **Түзету-дамыту бағыты бойынша** 1-кл оқушыларының мектепке қолайлы бейімделуіне оқушыларға сергіту жаттығулары және оқушылардың зейінін дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді.



Оқушылар жаттығуларға белсенділікпен қатысты. 5 класс оқушыларына “Із кесуші” ойыны өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың өміріне жаңа қосымша мағыналар, сезімтал түстер, мәдени мағыналар енгізу арқылы қатысушылардың өмір сүру кеңістігін кеңейту.



7 сынып оқушыларына «Менің әлді және әлсіз жақтарым» тренинг өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, кішіпейілдікке, әдептілікке, еңбексүйгіштікке, жаман әдеттерден аулақ болуы керектігі туралы білімдерін қалыптастыру; Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным-белсенділігін арттыру; Оқушыларды әдептілікке, сыпайлыққа тәрбиелеу.



8 «ә» сынып оқушыларымен «Құпия дос» психологиялық акциясы өткізілді.

Мақсаты: балалардың ой-өрісін кеңейту, бір-біріне қуаныш сыйлауға, тыңдауға, бірлесе жұмыс жасай білуге, достық қарым-қатынасты нығайтуға.



8 сынып оқушыларымен «Өмірді бағала» психологиялық тренингі өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың жан дүниесін байыту арқылы өмірдегі өз орнын табуға көмектесу, оларды адамгершілікке жетелеу. Жақсы қасиеттерді бала бойына дарыту. Өмірге деген құштарлықтарын, қызығушылықтарын ояту. Өмірге жақсы көзқараспен қарауға, қадірлей, бағалай білуге тәрбиелеу, айналасына қуаныш сыйлай білуге үйрету.



5-6 сынып оқушыларымен «Қиын жағдайларда нені үйренеміз» тақырыбында топтық тренинг жүргізілді.

Мақсаты: Кикілжің туралы мағлұмат бере отырып, бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, имандылыққа, шыншылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Дамуы шектелген балалардың, ой – өрістерін, сана- сезімдерін, тілдерін, көру, есту сақтау қабілеттерін, шығармашылықтарын дамыту, түзету.

–кикілжің туралы жалпы түсінік беру;-шығармашылық қабілеттерін, ойлау қабілетін дамыту;-оқушыларды адамгершілікке, өзара достыққа, сыйластыққа, татулыққа тәрбиелеу;-ұнамсыз қылықтардан жирену сезімін тудыру арқылы бойларына адам бойындағы ұнамды қасиеттерді дарыту.



4 сынып оқушыларының арасында «Паровоз» ойыны өткізілді.

Мақсаты: кеңістікте бағдар қалыптастыру, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету, ептілікке, зейінділікке баулу.



9-11 сыныптар арасында «Емтихан» іскерлік ойыны жүргізілді.

Мақсаты: Оқу процесіндегі маңызды емтихан кезіндегі күйзелістік ахуалдың алдын алу және психологиялық дайындығын нығайту.



«Менің көңіл - күйім», «Әртүрлі кейіпкерлер», «Болашақ чемпиондар» тақырыбында 4 сынып оқушыларына тренинг өткізілді.

**Мақсаты:** Оқушылардың психоэмоционалдық жағдайларын жақсарту, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнату. Оқушыларды өз көңіл-күйін игере білуге және басқаруға, қадағалауға, дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу.



11 сынып оқушыларын ҰБТ-ге эмоционалды дайындау мақсатында «Менің көңіл-күйім» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: ҰБТ-ге психологиялық даярлау. Оқушылардың психоэмоционалдық жағдайларын жақсарту, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнату. Релаксация арқылы жағымсыз ойлардан арылу.



«ҰБТ-ге сеніммен барайық» тақырыбында 11 сынып оқушыларына тренинг өткізілді.

**Мақсаты:** ҰБТ-ге психологиялық даярлау. Оқушылардың өзін тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру.



«Кім жылдам» тақырыбында 3 «а» сынып оқушыларына тренинг өткізілді.

**Мақсаты:** Оқушыларды шапшаңдыққа, белсенділікке баулу. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын оятып, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау. Оқушылардың танымдық белсенділіктерін психологиялық тренингтер жолдарымен арттыру.



«Біз бақытты баламыз» тақырыбында 2 сынып оқушыларына тренинг өткізілді.

**Мақсаты:** Оқушыларға бақыттың құндылық ретінде түсінік беру, бақытты болуға ұмтылуға психологиялық көмек көрсету.



“Жасырынып тұрған сөздерді тап”, “Аспан-жер-су”, “Барлығын еске түсіру”

Т.В.Артемьеваның 1 сынып оқушыларына психологиялық жаттығулар жүргізілді.

**Мақсаты:** балалардың назарын аудару, бөлу және көлемін, зейінін, жадын дамыту.



2 сынып оқушыларына “Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар” Т.В.Артемьева жүргізілді.

**Мақсаты:** Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамыту



«Нейрожаттығулар» тақырыбында 3 «а» сынып оқушыларына тренинг өткізілді.  
**Мақсаты:** Қол моторикасын дамыту, логикалық ойлауын дамыту.



«Ойлан тап» тақырыбында 3 сынып оқушыларының арасында тренинг өткізілді.  
**Мақсаты:** Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту.



5 «б» сынып оқушыларына көңіл-күйге, топтық қарым-қатынас жақсарту мақсатында «Дос достыққа», «Лабиринт», «Көңілді шарлар», «Нысана», «Кім жылдам», «Тыныс алу» жаттығулары жүргізілді.



8 «а» сынып оқушыларымен «Нысана» ойынын ойнатылды.

**Мақсаты:** Ынтымақтастық атмосферасын және өздеріне сенімділік қалыптастыру. Сыныптағы бірлікті, ауызбіршілікті қалыптастыру, жағымды қарым-қатынас орнату.



Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Кім жылдам» ойыны өткізілді.



Сонымен қатар ұжымда жағымды психологиялық ахуал тудыру мақсатында жас мамандар және олардың тәлімгерлерімен «Сұхбат», «Орын ауыстырайық» жаттығулары жүргізілді.



Педагогтарға жағымды психологиялық ахуал орнату мақсатында топтық тренинг ұйымдастырылды.



«Мектептегі бір күн» акциясы аясында ата-аналармен танысу тренингі жүргізілді және де оқушылар мен ата-аналарды бірлескен түрде топтық тренинг ұйымдастырылды.



Ақпан айында ұйымдастырылған «Мектептегі бір күн акциясы» аясында ата-аналармен «Сіз қандай ата-анасыз?» тақырыбында тренинг жүргізілді.



МАД тобының ата-аналарымен «Жүрек жылуы» тақырыбында топтық танысу тренингі жүргізілді.



**Профилактика бағыты бойынша** «Қызғалдақ қыздар» клубының қыздарына «Қыз қылығымен» тақырыбында 6-11 класс қыз балалар арасында қыздар жиналысы өткізді. Буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында 5-9 сыныптар арасында «Қауіпсіз өмір – қауіпсіз интернет» тақырыбында дәріс-сабақ жүргізілді. Мақсаты: «Буллинг», «Кибербуллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту; Жасөспірім кезеңіндегі кездесетін буллингтің түрлері, белгілері мен сипаттамаларын, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу. Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу; Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.



2-8 класс оқушыларының арасында «Сөмкесіз бір күн» акциясы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың танымдық, креативті ойлау қабілетін, қиялын дамыту. Оқушыларға жағымды көңіл-күй сыйлау.





3-4 сынып оқушыларына Mult time «Әнуар мен Мұса», «Толағай», «Қажымұқан» мультфильмдері көрсетілді.



«Құқықбұзушылық пен буллингтің алдын алу» бойынша Ақтөбе ғылыми-тәжірибелік орталығы психологиялық-әлеуметтік қолдау бөлімінің әдіскері М.Т.Сарсенғалиевна 9-10 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды.



«МЕНИҢ МЕКТЕБІМ БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ» жалпы республикалық флешмобқа қатысты. Флешмоб мақсаты: қоғам назарын балалардың қауіпсіздік мәселелеріне деген саналы көзқарасын аудару. Оқушылардың, педагогтердің буллингке қарсы санасы мен ойлауын қалыптастыру; Зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қарсы тұруға белсенді қатысуға жәрдемдесу; Балаларға шығармашылық арқылы өзін-өзі жүзеге асыру, биді бірлесіп дайындау барысында құқықтық тәрбие беру. Флешмобқа 5-6,7-9 сынып оқушылары және мектебіміздің сынып жетекшілері қатысты. Флешмобқа қатысушылар «Біздің мектепке буллингке қарсы», «Біз буллингке қарсымыз» деп ұран тастады.





9 сынып оқушыларының арасында «Зорлық-зомбылық және оның алдын алу жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, зорлық-зомбылық түрлерімен таныстыру. Зорлық- зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау. Дөңгелек үстелде оқушылар өз ойларын айтып, тақырыпты талдады.



«Жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында 8-11 сынып қыз балалар арасында кездесу өткізілді.

Кездесудің мақсаты: жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу. Қыздарымызды зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырып, мектептің ішкі ережесін сақтап, мектеп ережесіне сай жүруге тәрбиелеу.



«Жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында 8-10 сынып ер балалар арасында кездесу өткізілді.

Кездесудің мақсаты: балалар мен жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу.



7,8 сынып қыз балалар арасында «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбында қыздармен кездесу өткізілді.

Кездесу мақсаты: қыз бойындағы әдептілік, тазалық, көріктілік, инабаттылықты қалыптастыру, қыздарға ерте жүктіліктің салдары жайлы түсінік беру.



«Қыз баланың тәрбиесі» тақырыбында 9-11 сынып қыздармен кездесу өтті.

Кездесу мақсаты – жастар мен жасөспірімдер арасында белең алып жатқан ерте жүктіліктің алдын алу және қыз балаларға профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізу.



«Құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет» тақырыбында мектепшілік құқықтың онкүндік жоспары аясында 6-11 сынып оқушыларынан мектеп психологы Күсебай Қ.Р. «Кәмелетке толмаған оқушылар арасында келеңсіз жайттарды анықтауға бағытталған сауалнама» жүргізілді.

Мақсаты: оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.



«Бақыт» психологиялық акциясы аясында 3 сынып оқушыларының арасында «Бақыт дегеніміз не?» тақырыбында эссе жазылды.





Ата-аналарға келеңсіз жағдайлардың алдын алуға «Оқушылар арасындағы суицидтің алдын алу» тақырыбында баяндама жасалды.



8 сынып оқушыларына «Өзіңнің көңіл- күйіңе әсер ет және оны жақсарт» дәріс өткізілді.



15-наурыз Дүниежүзілік тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы күні. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан кейін алғашқылардың бірі болып «тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заң қабылдады, онда негізгі басымдық халықтың өмірі мен денсаулығы болып табылады. Осы атаулы күнге орай 3.03. 2023 жылы 7 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары. Дәріс барысында оқушыларға тұтынушы құқығы, адам құқығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



**Эксперттық бағыты бойынша** мектептегі оқушылардың әлеуметтік-психологиялық қолайсыз отбасы балалардың және мектепішілік есепте тұрған оқушылардың хал-ахуалына бақылау жасап, тізім жасақталды. Оқушылардың тұрмыстық-жағдайына бақылау жасалып, сабаққа қатысыма бақылау жүргізілді. Сенім телефоны» және «Сенім жәшігі» бойынша бұйрық 2022-2023 оқу жылына шығарылды. «Сенім телефоны» бойынша 3 хат түсіп, жауап қайтарылды

**Қорытынды және ұсыныс.**

2022-2023 оқу жылындағы психологиялық қызметтің жылдық жұмысын қорытындылай келе, осы оқу жылындағы жұмыстар атқарылды. Келесі оқу жылында өз жұмысымызда

психологиялық қызметтің оқу үрдісімен тығыз байланыстыра отырып жүргізуді өзімізге мақсат етіп қойып отырмыз.

## **XI. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

№65 ЖББОМ-нің кітапханасы мектеп директоры бекіткен жылдық жоспары бойынша жұмыс жасайды. 2022-2023 оқу жылында кітапхана қызметкері штаты: кітапханашы-1 Кітапхананың жұмыс кестесі күнделікті сағат 9.00-ден-18.00-ге дейін.

Демалыс күні- сенбі, жексенбі.

Кітапханашы туралы мәлімет.

| Аты-жөні      | Оқу орыны                                              | Мамандығы   | Кітапханашылық еңбек стажы | Қызметі               |
|---------------|--------------------------------------------------------|-------------|----------------------------|-----------------------|
| Жұмабаева М.А | Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университет | Кітапханашы | 14                         | Кітапхана меңгерушісі |

Мектеп кітапханасы 1-қабатта орналасқан. Кітапхананың жалпы ауданы -119,4 ш.м.

«Кітап- білімнің бұлағы. Олай болса, ғылым мен техниканың ерекше алға басқан қазіргі кезеңінде кітап адамға рухани байлық ретінде де, бірден бір қазына ретінде де одан әрі қолдана бермек.

Өркениетті елімізде кітапхана ғылыми – ақпараттық орталық қызметін көрсететін мекеме ролін атқаруда. Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие беретін мәдени ошақтың бірі – мектеп кітапханасы. Егемен еліміздің ертеңі болар жас ұрпақтың білімін кеңейтіп, біліктілігін арттыруда мектеп кітапханасының да рухани қазына екені рас. Ол – мектептің жүрегі, ажырамас бір бөлігі іспетті. Жаңа заман талабымен ғаламтор заманы болғанымен, рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әр баланың бір қасиетті қара шаңырағы- кітапхана. Кітап-біздің рухани құндылығымыз, теңдесі жоқ байлығымыз. Өткен замандардың тереңінен сыр шертетін тарихы да, әдебиеті де осы кітап арқылы жетіп отырады. Кітапханада оқырмандарға іздену, ақпарат алу және мәдени даму жағдайы қарастырылған мақсатында кітапханада біраз тәрбиелік-танымдық шаралар өткізілді. Мектеп оқушылары кітапханадағы іс-шараларға қуана қатысады, Ал біздің оқырмандарымызға зор денсаулық тілейміз. Кітапханамыздың есігі сіздер үшін әрдайым ашық.

### **Кітапхана жұмыстарының негізгі бағыттары:**

1. Кітапхананың міндеті мен ережесі.
2. Негізгі бақылау көрсеткіштері.
3. Балалардың ынтасы мен оқу ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары.
4. Оқырманды кітапханаға тарту жұмыстарын ұйымдастыру.
5. Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбие жұмыстары.
6. Эстетикалық, этикалық тәрбие негізінде сұлулық, нәзіктік жайлы және өлке тану байланысты насихаттау.
7. Әдет-ғұрып, салт-дәстүрді, тілімізді насихаттауға бағытталған жұмыстар.
9. Оқулыққа байланысты жүргізілетін жұмыстар.

### **Кітап қорының жағдайы**

Кітап қоры және оқушылардың оқулықпен қамтылуы

2022-2023 оқу жылындағы мектеп кітапханасының кітап қоры-14867. Биылғы оқу жылында Қалалық білім бөлімінен 2 сыныптың 46 оқушысына қазақ тілі оқулығы және математика, жаратылыстану, орыс тілі, дүниетану оқулықтары жаңа күйінде таратылды. Сонымен қатар келген жаңа оқулықтар есепке алынып, штамп басылып оқушыларға түгел таратылды. Мектебіміздегі барлық класстарға оқулықтар аз қамтылған оқушыларға жеткілікті деңгейде таратылды.

## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР:

Кітап қоры-14867

Оқырман саны-280

Әдістеме-2

Өткізілген іс-шаралар:

Көрме-20

Мәнерлеу оқу-3

Шолу-25

Оқулықпен қамтылуы-100%

Аз қамтылған-100%

Оқырман саны-280

Бүгінгі заманға сай мектеп кітапханасы компьютермен жабдықталған. Кітапханада ғаламтор жүйесі қосылды. Оқу жылы басталысымен кітапханаға келген оқырмандардың және класс бойынша кітапханаға тіркелген оқушылардың формуляры қайта номерленіп тіркеліп, кітапхана күнделігі жүргізіледі. Күнделік ай сайын қорытындыланып есебі жүргізіледі. Оқырмандардың жыл бойы оқыған кітаптары есепке алынып формулярға сараптама жасалады. Ағартушылық, көпшілік, кітап оқуға қызығушылық бағыттағы жүргізілген жұмыстар. Мектеп кітапханасы ағартушылық бағыттағы жұмыстарын оқырмандарға қызмет көрсетуден бастайды. Мектеп мұғалімдері тәрбие сағаттарына сабақтарының тақырыбына байланысты материалдар ізденгенде кітапхананың көмегіне сүйенеді. Ал оқушылар мәнжазба жазуға, ұй тапсырмасына қосымша мәліметтер іздегенде ғаламтор жүйесін пайдаланады. Кітапхананың негізгі міндеті оқушыларды кітап оқуға шақырып, кітап құмарлығын арттырып кітап оқу арқылы сөздік қорын, ой-өрісінің дамуын рухани байлығын, шығармашылық қабілетін арттыру мақсатында № 65 жалпы білім беретін орта мектеп кітапханасының

2022-2023 жылғы «Оқуға құштар мектеп» жобасының жүргізілген жұмыстары

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекітті. Ұлттың рухани және интеллектуалды ілгерілеуінің құралы ретіндегі оқылым іс-әрекетіне балаларды және жастарды тартуда «Оқуға құштар мектеп» жобасының үлесі маңызды болмақ. Кітап оқу – білім мен рухани құндылықтарды беру мен меңгерудің бір түрі ретінде, тұлғаны тәрбиелеу және білім беру адамның қоғамда табысты болуына және бәсекеге қабілеттілігінің жалпы деңгейіне әсер ететіні айқын. «Кітап оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты: білім алушылардың кітап оқу мәдениетінің және кітап оқу белсенділігінің деңгейін арттыру, оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасында кітап оқуды танымалдандыруға жағдай жасау «**А Байтұрсынұлы-халық ұстазы**» атты кітап көрмесі жасалды және «**А Байтұрсынұлына 150 жыл**» атты библиошар өткізілді. К.Нокин аулындағы №12 кітапханасына тіл мерекесіне орай 3 сынып оқушыларымен саяхат жасалды.

Н.Байғанин балалар кітапханасы «Кітап. Рух. Тұлға». атты жергілікті қаламгермен кездесу кеші болды бұған 5 сынып оқушылары қатысты.

Оқушыларды ертегі оқуға баулу арқылы олардың ой өрісінің кеңуіне ықпал ету, қиялдау мәнерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында 4 «А» класс оқушыларымен "Самұрық ертегісі" сабағы өткізілді.

Балалардың көркем әдебиет сабағы бойынша ертегілер еліне саяхат жасай отырып, білімдерін бекіту, сөздік қорларын молайтып, байланыстырып сөйлеуге, дағдыландыру, бірлікке, ұйымшылдыққа, достыққа, еңбекке тәрбиелу мақсатында

бастауыш сыныптар арасында «Сен ертегілерді жақсы білесіңбе» библиошар өткізілді.



Оқушыларға кітапханаға келіп түскен жаңа әдебиеттерді таныстырып, осының арқасында оқушылардың оқуға құштарлығы, қызығушылығы ояну мақсатында кітапхана келіп түскен жаңа кітаптармен таныстырылым жасалды.

«**Кел балалар оқылық**» атты үлкен үзілісте оқу айдары өткізілді. Кітап-сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында «**Оқудың пайдасы қандай?**» 6 класс оқушылар арасында эссе жазды.



Мақал-мәтел – ата бабамыздан қалған өшпес мұра. Көлемі жағынан шағын болғанмен, мағынасы терең, құны қымбат қазына. Мақал-мәтел – тәрбиелік мәні зор, рухани байлық туралы мағлұмат беру. Білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, мақал – мәтелдерді орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тіл- қай ұлтта қай елде болсада құдіретті, қастерлі. Ана тілімізді дамытып, орыс тілін қолданып, ағылшын тілін үйренеміз деген мақсатпен оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында 4 класс оқушылар арасында «**Мақал-сөздің мәйегі**» сайыс өткізілді.

Ата – бабамыздан қалған өшпес мұра, қымбат қазынасы жұмбақтарды дәріптеу. Жұмбақтарды үйрете отырып, отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, тұлғалы азамат болып өсуге тәрбиелеу мақсатында «**Қолшатырға жасырын жұмбақ**» бастауыш сыныптар жұмбақ жасыру ойыны жасалды.

Оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.

- Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу мақсатында 5 «Ә» сынып оқушылар арасында «**Тәуелсіздік- елімнің еркін жолы**» 25 - қазан Республика күніне арналған кітап көрмесі жасақталды.



Оқушылардың кітапханалық-библиографиялық білімдерін насихаттау. Сөздіктерді, энциклопедияларды дұрыс пайдалануға үйрету, олардың алуан түрлерін көрсету, оқушылардың сөздіктерді пайдалану негізінде дағдыларымен

шеберліктерін қалыптастыру мақсатында бастауыш сынып оқушыларына «Негеш. Балалар энциклопедиясы» кітабымен таныстырылым жасалды.

Пригородный тұрғын үй алабындағы №9 модельді кітапханасында **«Қазақ халқының дәуірлік тұлғалары»** жергілікті қос батырымыз Есет Көкіұлы және Есет Көтібарұлы жайында портрет кеш ұйымдастырылды. Екі Есет батырымыз жайлы ақпарат беріліп. Қатысушылар қос батырдың ауылына бөліне отырып, постер қорғады. Батырларымыз туралы бейнебаяндар көрсетіліп, кітап көрмесіне шолу жасалды 7 «А» класс оқушыларымен.



қатысуымен. **«Ертегі»** ұғымын кеңінен ашу, шығу кезеңдері туралы түсінік беру. Ертегінің танымдық, тәрбиелік мағынасымен танысу мақсатында үлкен үзілісте **«Бейсенбілік ертегісі»** ертегі тамашалау

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кел, балалар, оқылық» 20 минуттық оқу жобасы біздің мектепте де бастау алды. Үзіліс кезінде сыныпта оқушыларға арналған кітапхана бұрышынан кез келген өздеріне ұнаған оқулықты алып, сыныптастарымен оқып, сабаққа қажетті деректерді энциклопедиядан алуға мүмкін жасалған.



Оқушылардың оқылғандарды түсіну үшін мұқият тыңдауға үйрету, олардың кітапқа деген қызығушылығын ояту мақсатында 3 «Ә»-сыныбы оқушыларының «Ертегі айтып беремін» тәлімдік әдеби сағаты өтті. **«Бірге оқимыз, дауыстап оқимыз!» атты оқушылар бір мезетте кітап оқыды.**

Оқушылардың оқылғандарды түсіну үшін мұқият тыңдауға үйрету, олардың кітапқа деген қызығушылығын ояту мақсатында **«Ұстазымен оқыған қандай қызықты»** 1 «Ә» сынып оқушылары апайымен үлкен үзілісте кітап оқыды.

Үлкен үзілісте оқушылармен **«Сақина салу»** әдісімен ертегі кейіпкерлерін тапты.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өнегелі өмір жолына шолу жасап, әр оқушының өзіндік ой-қиялына ерік беріп, өзінше ой қозғауға, тіл байлығына үлес қосуға жол ашу, пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында **«Абайдың өлеңдері»** бастауыш сыныптар арасында библиошар өткізілді.

Қазақстан Республикасының жеткен жетістіктері туралы оқушылардың білгендерін ортаға салу. Оқушыларды туған жерін, елін, Отанын сүюге қорғауға, сақтауға құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында **«Егемен және Тәуелсіз Қазақстан»** 10 сыныптар арасында кітап көрмесі, әдеби лото өткізілді.

Ә. Нұршайықовтың өмірі мен шығармашылық жолы, шығармалары туралы білімдерін тереңдету, шығарма мазмұнын аша білу қабілетін дамытуға ықпал ету, таным өрісі кеңейеді, өз ойын еркін және нақты білдіруге үйрету, әдебиет теориясы бойынша алған білімін тәжірибеде пайдалана алуға қалыптасады, жаман мінезден аулақ болуға, адами сезімді қастерлеуге тәрбиелеу мақсатында ҰОС ардагері Ә.Нұршайықовтың туғанына 100 жыл толуына орай **«Сезімнің қылын шерткен қаламымен»** әдеби кеш өткізілді.

Дулат Исабековтің шығармашылығы туралы түсінік қалыптастыру мақсатында **«Дулат Исабековтың туғанына 80 жыл»** толуына орай 7 «А» класс оқушылармен әдеби сағат өтті.

Білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру мақсатында **«Кітап мекені- кітапхана»** кітапханаға саяхат жасалды

Оқушылар өздерінің ой-пікірлерін білдіріп, мазмұнын ашып, сөздік қорларын молайту мақсатында "Арыстан мен тышқан" ертегісінің бейнебаяны тамашалау 1 «Ә» сынып оқушылар арасында

Оқушыларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, кішіпейілдікке, әдептілікке, өз халқының салт – дәстүрін үйрене отырып, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу мақсатында 3 «Ә» сынып оқушыларына "Әдептілік-әдемілік" кітабының таныстырылымы жасалды.

Бастауыш сынып білім алушыларының оқу қызығушылығын дамытуға бағытталған, сонымен қатар оқу қызығушылығының деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін «Ертегілер әлемінде» атты сыныптан тыс шаралар жүргізуіде. Сынып оқушылары «Шалқан» ертегісін 5 сынып оқушылары қойылымын сахналап берді. Сыныптағы ақындық талаптары бар оқушылардың өнерін ұштау, дәріптеу; сөз өнерін қадірлеуге, өзін-өзі тануға, ұлы ақындарға құрмет көрсетуге тәрбиелеу мақсатында 5-7 сыныптар арасында **«Жыр жазамын жүрегімнен»** атты әдеби кеш өтті. Мектеп оқушыларының жазушы өмірі мен шығармашылығын тануға деген қызығушылықтарын аттыру, жазушының рухани мұрасы жайлы терең зерттеуге ынталандыру мақсатында **«Бір ел бір кітап»** акциясы аясында жазушы, драматург Төлен Әбдіковтің 80 жылдығына орай 10 сынып оқушылар арасында **«Қазақ прозасының шырағы»** тимбилдинг өткізілді. Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру, балаларды елін, Отанын сүюге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу, имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында 3 сыныптар арасында **«Наурыз жыл басы»** тақырыбында асық ату ойыны өтті. Танымдық қабілетін, ойлау қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін, шапшаң есептеу қабілетін, дүниетанымын дамыту мақсатында 5 - сыныптар **«Кім жылдам»** атты тақырыбында минутқа оқыту байқауы өткізілді. Қазақ халқының батыры Амангелді Үдербайұлы Имановтың туғанына (1873-1919) 150 жылдығына 7 «А» сынып оқушыларына әдеби сағат өткізілді. 1916 жылғы ұлт - азаттық көтерілістің 100 жылдығы туралы хабарлама жасай отырып, ұлт - азаттық көтеріліс кезіндегі батырлар туралы түсінік беру. Амангелді Имановтың ерліктерін баяндап, халқымыздың тарихынан тағылым бере отырып, оқушылардың ойын, қабілеттерін жетілдіру. Ойын ашық жеткізуге, шығармашылыққа баулу. Оқушылардың патриоттық сезімдерін ояту, ерлікке, елін, жерін сүюге, Отанын қорғауға тәрбиелеу. Ұлт намысын қорғаған батырларды құрметтеу мен ұлықтауға баулу. Тәуелсіздігімізді баянды етуге үлес қостыру мақсатында. Оқушыларға мақал-мәтел, жұмбақ жайлы білім беру, білімдерін жинақтау, толықтыру, пысықтау мақсатында **«101»** жұмбақ жасыру ойыны өткізілді.

2-сәуір Халықаралық балалар кітап күніне 5-сынып оқушылар арасында «Кітап –білім кілті» атты танымдық сабақ өткізілді.

Ғарыштың таңғажайып сырларымен танысу, ғарышқа алғашқы қадам, ғылымның адам өміріне қосқан үлесін зерттеу, білу мақсатында «Ғарышты зерттеу» атты бастауыш сынып оқушыларымен викторионалық ойын өткізілді

Оқушыларды «Сөз мәйегі - мақал» дегендей, ата - бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты, дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету. Сөз өнері арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту, тапқырлыққа, даналыққа тәрбиелеу мақсатында «Мақал- сөздің мәйегі» бастауыш сыныптар викторионалық ойын өткізілді үлкен үзілісте.



23-сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне «Кітап және ғаламтор» тақырыбында 7 «А» сынып оқушылар арасында пікір сайыс өткізілді. Мақсаты өскелең ұрпаққа жаңа технологияны меңгерте отырып, кітаптың пайдасын насихаттау. Оқушыларды кітапханаға тарта отырып, кітап пен ғаламтордың айырмашылығы жөнінде түсінік беру.

Көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту. Әр халықтың өнері, оның рухани байлығының негізін баланың жүрегіне өз ұлтының тілін, дінін біле отырып, өзге ұлттың рухани байлығын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «1 мамыр ынтымақ күні» 4 «А» сынып оқушыларымен танымдық сабақ өткізілі.

Балаларға 7 – мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру. Ұлы отан соғысының мазмұнын әңгімелеп осы соғыста ерлік көрсеткен барыттардың ерліктерін, жыл сайын жеңіс күнінің мерейлі мерекесін бүкіл халық тойлап отыратынын айтып, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың, бүгінде саны азайып қалған майдангерлердің рухына бас ие отырып, балаларды отан қорғауға, Ұлы отан соғысының батырларының ерлік істеріне тағзым етуге батыл да ержүрек болуға үрету. Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу мақсатында «Батырлар өлкесі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Ұлы Отан соғысы, оның зардаптары, Ұлы Жеңіс туралы мағұлмат беру. Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың, соғыстан оралған, қазіргі кезде аразда жүрген ардагерлеріміздің ерлігін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «Батырлар өлкесінің «Уақыт сандығы» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

#### **2023-2024 оқу жылында кітапханаға керекті ұсыныстар:**

1. Жаңа оқу жылына мемлекеттік тілде әдебиет жинақтау;
2. Кітапты, оқулықтарды, ақпарат деген көздерімен бүлдірмеуге үйрету, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу;
3. Кітапхана, ақпаратқа деген оқырмандардың жан-жақты сұранысын қанаттандыру, оларды оқуға тарту, ынтыландыру;
4. Тез шұғыл ақпарат алу үшін оқырмандарға жағдай жасау;
5. Әлеуметтік, желістердегі кітапхана жұмысын насихаттау;

- 8.Облыстық,қалалық кітапханаларымен байланыс жасай отырып көшпелі кітап көрмелерін мектепке ұйымдастыру.
9. « Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт» жобасын насихаттау
10. Үлкен үзілісте 20 минут кітап оқыту
- 2022-2023 жылға мектеп кітапханасы баспасөзге жазылды. Барлығы: 32 дана

| р/с | Баспа атауы      | Саны |
|-----|------------------|------|
| 1   | Ақтөбе           | 30   |
| 2   | Егемен Қазақстан | 1    |
| 3   | Білімді ел       | 1    |

## ХІІ. ЛОГОПЕД ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2022-2023 оқу жылында № 65 Жалпы білім беретін орта мектебі мұғалім-логопедінің жылдық жоспарына дамыту және тәрбиелеу жұмыстары жүргізілді.

Жүргізілген мұғалім-логопед маманының түзете-дамыту төмендегідей кезеңдермен өтті.

### 1.Диагностикалық кезең;

1. баланың психо-физиологиялық қалпын үнемі және жан жақты зерттеу.
2. сөйлеу тілі бұзылыстарының әр түрлі деңгей формаларын зерттеу.
- 3.таным әрекеттерінің бұзылу белгілерін, деңгейін анықтау.

### 2. Коррекциялық дамыту кезеңі;

1. баланың даму қалыпын ескере отырып қадамдылық бағытта оқыту процесін жүргізу.
2. түзете – дамыту жұмыстарына ата-аналарды енгізу, тығыз байланыста болу.
3. әр жас кезеңіне сәйкес танымдық әрекеттерін дамыту.
4. баланың сақталған компенсаторлық мүмкіншіліктерін зерттеп, анықтап, ескере отырып «Жеке даму бағдарламасын құру.

### 3. Тәрбиелеу кезеңі;

Баланың отбасындағы, қоғамдық орындардағы мінез құлқын, жеке тұлғаның қоршаған ортада өзін-өзі ұстауға, жаңа ортаға үйренуіне қажетті жағымды қасиеттерін тәрбиелеу.

2022-2023 оқу жылында мұғалім-логопед көмегін 23 оқушы алды, олардың ішінде;

- дислалия
- ротацизм
- ломбацизм
- дисграфия

Балаларды бақылау нәтижесінде биылғы оқу жылында мектепшілік логопунктке бақылау жұмыстарының қорытындысы бойынша 23 бала тіркеуге алынды.Оның ішінде 13 оқушы 1 сыныптан, 6 оқушы 2 сыныптан,1 оқушы 3 сыныптан,3 оқушы 4 сыныптан.

Әр балаға жеке жұмыс жоспары құрылып, тіл кемістігі бар балалар тіркеуге алынып, түзету сабақтары жүргізілді.Түзету сабағы аптасына 2 рет сөйлеу тілінде кемістігі бар балалармен жекелей және топтық сабақтар жүргізіледі. Оқушылардың барлығына жеке даму картасы толтырылды. Мұғалімдермен және ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істелді.Жалпы тілінің дамуының әртүрлі деңгейіне байланысты құрылған жеке даму бағдарламасы бойынша қойылған төмендегідей мақсат-міндеттері;

- сөйлеу тілінің түсінігін қалыптастыру
- енжар және белсенді сөздік қорларын дамыту
- белсенді сөйлеу тіліне ынталандыру дамыту
- байланыстырып сөйлеу тілдерін дамыту, заттық және сюжеттік суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер құрауға ынталандыру
- артикуляциялық аппараттың икемдігін арттыру, қалыптаспаған дыбыстарды қоюға арнайы жаттығулар қатарын үйрету

-сөйлеу тіліндегі қалыптасқан дыбыстарды толық анықтап, дыбыстарды қою және бекіту жұмыстарын жүргізу.

Түзету сабақтарының нәтижесінде, балалар алғашқыға қарағанда берілген тапсырмаларды түсініп орындау, өз бетімен орындау, артикуляциялық жаттығуларды игеріп, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, кеңейту сияқты жетістікке қол жеткізуде.

**2022-2023 оқу жылында логопунктке тіркелген оқушылар тізімі**

| №  | Аты-жөні            | сыныбы | Дыбыс бұзылысы |
|----|---------------------|--------|----------------|
| 1  | Болатов Арсен       | 1а     | С,ш,ж,р        |
| 2  | Еркебаева Дарина    | 1а     | Р,л            |
| 3  | Елтай Нұрәлі        | 1а     | дислалия       |
| 4  | Жолымбетова Мейірім | 1а     | л              |
| 5  | Мұхаметкәрім Әмина  | 1а     | С,з,ш          |
| 6  | Мұрат Райана        | 1а     | Ш,р            |
| 7  | Қайсарұлы Санжар    | 1а     | С,ж,ш          |
| 8  | Қамбар Жомарт       | 1а     | л              |
| 9  | Оразалин Даулет     | 1а     | л              |
| 10 | Болатбекова Айя     | 1ә     | С,з            |
| 11 | Жанабаев Арнат      | 1ә     | С,з            |
| 12 | Мурзабекова Аймира  | 1ә     | л              |
| 13 | Мусиева Айару       | 1ә     | З,ж            |
| 14 | Болатов Дамир       | 2а     | С,з,ш,ж,р,л    |
| 15 | Бөгенбай Ақторғын   | 2а     | С,з,ж,р        |
| 16 | Кенжеғали Нұрғали   | 2а     | З,ж            |
| 17 | Орда Ілияс          | 2ә     | онр            |
| 18 | Жаналы Ернұр        | 3а     | С,ш,з,ж,р      |
| 19 | Асылбек Айзере      | 2ә     | Ш,ж            |
| 20 | Бахберген Дастан    | 2ә     | С,з,ш          |
| 21 | Бақтығали Дарын     | 4а     | р              |
| 22 | Жадигер Алишер      | 4а     | З,ж,ш          |
| 23 | Аманжолов Нұрасыл   | 4а     | С,ш            |

Баланың сөйлеу тілінің бұзылуын әртүрлі жаттығулар арқылы түзету жұмыстары логопедиялық сабақтарда жүргізілді. Логопедиялық түзету сабақтарының мақсаты; сөйлеу тілі бұзылған бастауыш сынып оқушыларын анықтап, диагностикалық бақылау жүргізу арқылы білім беру және түзету жұмыстарын жүргізу. Сөйлеу тілі бұзылған балаларға, атап айтқанда логопед балаларға жекелей және топтық сабақ кестелері, сабақ жоспарлары құрылды. Сөйлеу тілі бұзылған оқушыларға сабақ жоспарлары баланың даму қабілетіне қарай бағытталып құрылды.

Дислалия бұзылыстары бар балаларға келесі жұмыстар жүргізілді;

Фонетикалық есту қабілетін дамыту үшін лексикалық тақырыптар мен дыбыс дағдыларына байланысты айтылуы бойынша ерекшеліктерімен таныстырылды. Оқушылар тілдік емес дыбыстардан әуенді ойыншықтар, тұрмыстық шулар дыбыстарын ажыратып үйренді. Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту жұмыстары жүргізілуде. Сөйлеу тілінің белсенді сөздік қорын дамыту үшін арнайы сұрақтармен байланыстырып сөздік қорлары кеңейді. Сөйлеу тілінде «етістіктер», «есімдіктер», «зат есім», «сын есім», есімшелерді дұрыс қолданып үйренуде. Сөйлеу тілінің қарым-қатынастық сөздік қорын дамытуға сюжеттік суреттер бойынша екі, үш өкрылымды сөйлем құрап, үш-төрт сериялы сюжетті суреттерден әңгіме құрастырады.

Дыбыстану қатарына келетін болсақ дауысты дыбыстар қатарын дұрыс айтылуы қадағаланып, «еріндік» п,б, «бұғақтық» қ,ғ, «ызың» ш,ж, «ысқырық» с,з дыбыстарына түзету жұмыстары жүргізілді.

Ротацизм бұзылыстары бар балалармен келесі жұмыстар жүргізілді; жоғарыда айтылған логопедиялық түзете-дамыту жұмыстары толығымен қамтылып жатыр. Сөйлеу тілінің түсінуін дамытуға арнайы лексикалық тақырыптар алынды «мектеп құралдары», «жабайы аңдар», «жәндіктер», «жыл мезгілдері» т.б. Бала тұрмыстық шуларды және жануарлардың дыбыстарын ажыратуға арналған жұмыс жүргізілді. Артикуляциялық аппараттың қимыл қозғалысын дамытуда бала мимикалық, ерінге және тілге арналған жаттығуларды жасап үйренді. Сонымен бірге дыбыстар қатары анықталып, оларды қоюға арналған артикуляциялық жаттығулар қатарын игерді. «Р» дыбысын қою барысында тілдің алдыңғы бөлігін альвеолға тигізу, ажырату жүзеге асады. Жаттығу кезінде тілдің тиісті орынға оралуын, тіл мен альвеол арасында тар саңылау болуы бақыланады. Ақырында тілдің өздігінен тербелуіне альвеолдың Т,Д дыбыстары фрикативтік Р дыбысымен тіркестердің көмегі көп. (др, ддр, тр, ттр). Бастапқы тілдің ұшы ғана тербетіліп, тербеліс секундына 20 ретке жетіп «ұсақ діріл» болып қалыптастырылады.

Саусақтарының қимыл қозғалыстарын дамыту мақсатында жаттығулар өлең жолдары арқылы мысалы; «капустаны дайындау», «гүл», «құлып», «құс» т.б. айтқыза отырып жасатамын. Бұл жерде балалар саусақтарын қозғай отырып, тілді де дамытады. Ұсақ қол моторикасын дамытуға; әр түрлі түймелер, моншақтар тізгізіп, түстеріне қарай ажыратады. Әр түрлі пазлдар құрастырып жарысады. Трафаретпен түрлі пішіндерді бастырып алып бояйды. Мысалы; үй жануарлары, аңдар, құрал саймандар, ыдыстар, жапырақтар т.б.

Ламбданизм бұзылыстары бар балалармен келесі жұмыстар жүргізілді; тілдің икемділігіне байланысты артикуляциялық жаттығулар қатары жасалынды. Ол тілдің «қазықша» қалпын жасауға, оны жоғары күрек тіске тіреуге, бүйірден ауа жолын ашуға бағытталуға көмек берді. Артикуляциялық жаттығулар тілді кезекпен жалпайту немесе жіңішкерту, «күректей», «қазықтай» ұшымен төменгі, жоғарғы еріндерге тигізу, айналдыра жалау, тіс пен ерін арасын жалау, тілді тіс пен ерін арасында, жоғары-төмен жүгірту, тілді оң, сол ұрттарға кезек тигізіп кстап үйренді.

Түзету коррекциялық сабақтың барысында оқушылар дұрыс тыныс алуға, сөздің грамматикалық құрылымын түсінуге, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыруға үйренді.

|                                               |                                        |                                                      |
|-----------------------------------------------|----------------------------------------|------------------------------------------------------|
| 1 жыл аралығында мұалім-логопед көмегін алған | Кезең сабақтары аяқталған балалар саны | Келесі жылға маман көмегін қажет ететін балалар саны |
| 23                                            | 22                                     | 1                                                    |

### **2022-2023 оқу жылында инклюзивті оқыту бойынша тізімде тұрған оқушымен жүргізілген жұмысқа есеп**

2022-2023 оқу жылында ерекше жағдайда білім беру бойынша 1 оқушы логопедиялық сабаққа тіркеуге алынды. Бұл оқушы ОНР диагнозына байланысты ПМПК-да тіркеуде тұрады. Ол 2 «ә» сынып оқушысы.

| № | Аты-жөні   | Туған жылы, айы күні | Сыныбы | Диагнозы   |
|---|------------|----------------------|--------|------------|
| 1 | Орда Илияс | 26.09.2014           | 2ә     | ОНР 2,3 ур |

Бұл оқушыға жыл бойы коррекциялық сабақ өткізілді. Коррекциялық сабақ кестесіне сай жеке даму бағдарламасы құылып, сол бойынша аптасына екі рет жекелей сабақтар жүргізілді. Жеке даму бағдарламасында көрсетілгендей бұл оқушымен түзету жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізілді;

Сөйлеу мүшелерінің қозғалысын дамыту;

-статикалық және динамикалық артикуляциялық жаттығуларды логопед үлгісі бойынша және өз бетімен орындауға үйрету

2. Тұлғаның жеке психикалық даму деңгейімен жұмыс;

-оқу процесінде өзін-өзі емін-еркін ұстауға дағдыландыру

3. Физиологиялық дұрыс тыныс алу дағдысын қалыптастыру;

-дұрыс тыныс алу дағдысын қалыптастыру, яғни сөйлегенде дем шығарған кезде сөйлеу керектігін түсіндіру

-ауыздық тыныс шығаруды дамыту

-бір тыныста буындар, сөздер, сөйлемдер қатарын айтуға үйрету

-жекелеген мұрынмен және ауызбен тыныс алуды қалыптастыру

-тыныс жаттығуларын орындауға үйрету

-бір тыныста дауыс күшін әлсізден қаттыға және керісінше өзгертуге үйрету

#### 4. Логоритмика

-Саусақ жаттығуларын өлең жолдары арқылы байланыстырып орындату

-қимылды әуендерді қайталау

-әуенді ритмиканы қажет дыбысты бекітуге қолдану.

Түзету коррекциялық сабақтың барысында оқушылар дұрыс тыныс алуға, сөздің грамматикалық құрылымын түсінуге, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыруға үйренді.

#### **2022-2023 оқу жылына міндеттемелер;**

Сөйлеу тілінің кемістіктерін анықтайтын, ажырататын педогогикалық тәсілдерді жетілдіру, сөйлеу тіл кемістіктерін жүйелеу. Қазақ тіліне тән дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктерін түзету тәсілдерін анықтап қолдану және дамыту.

#### **Ұсыныс:**

Тізімде қалған оқушыларға жаттығу тапсырмалары беріліп жұмысты одан әрі жалғастыру.

Ата-анамен, мектеп психологымен және сынып жетекшісімен байланысты нығайту.

Кабинетті логопедтік құралдарға сай жабдықтау.

#### **2023-2024 оқу жылына міндеттемелер:**

Сөйлеу тілінің кемістіктерін анықтайтын, ажырататын педагогикалық тәсілдерді жетілдіру, сөйлеу тіл кемістіктерін жүйелеу. Қазақ тіліне тән дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктерін түзету тәсілдерін анықтап қолдану және дамыту.

#### **Ұсыныс**

- Тізімде қалған оқушыларға жаттығу тапсырмалары беріліп жұмысты одан әрі жалғастыру.
- Ата-анамен, мектеп психологымен және класс жетекшілерімен байланысты нығайту.
- Кабинетті логопедтік құралдарға сай жабдықтау

#### **2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН МАҚСАТТАР:**

1. Жаңа мазмұнды білім беру жүйесіне көшу мақсатында мектептің оқу-материалдық базасын молайту, мұғалімдерді білім жетілдіру курсынан өткізуді толық қамтамасыз ету. Қалалық, облыстық, республикалық семинарлар ұйымдастыруды қолға алу.

2. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамытуға, өз білімін жетілдіру деңгейін көтеруге жағдай жасау. Мұғалімдердің әдістемелік деңгейлерін жетілдіре отырып, шығармашылық белсенділіктерін арттыру.

3. Шығармашылық жұмыс жасайтын мұғалімдердің озық педагогикалық тәжірибелерін жинақтау, бұқаралық ақпарат құралдарына шығу, үздіксіз баспаға ғылыми мақала беруді ұйымдастыру, бірлестіктің озық тәжірбиелі жұмыстарын қала, облыс көлемінде тарату.

4. Дарынды балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсете отырып болжау, жобалау жұмыстарын дамыту. Пәндік олимпиадаларға оқушыларды дайындау, мектепшілік, кластан тыс шараларды, ғылыми жоба қорғау деңгейін дамыту, қалалық, облыстық олимпиадада, сайыстарда жүлделі орын алуға оқушыларды жұмылдыру.